



**ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
ІШІНДЕ ЕҢ
ҚОРҒАНСЫЗЫ –
СУДЬЯЛАР**

2-бет



**КӘСІПКЕРГЕ
«БАЛЫҚ
БЕРМЕ,
ҚАРМАҚ
БЕР!»**

4-бет



**КІТАПХАНАШЫНЫҢ
КҮНӘСІ**

8-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№59 (3590) 11 тамыз 2023

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



**АСЫЛ СӨЗДІ
ІЗДЕСЕН,
АБАЙДЫ ОҚЫ,
ЕРІНБЕ!**

Абай – ұлы ақын, композитор, би-шешен, ұстаз, аудармашы, философ және қоғам қайраткері. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да, Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесе, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанмыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі, ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді», – деді.

Шығыстың ақылы мен Батыстың озық ойлы идеясын Абайдай зерделеп, өзінің ақындық өнеріне мұрат еткен қазақ ақыны болған емес. Даланың дана ақыны Абай, Шығыс пен Батыс поэзиясының суреткерлік ерекшеліктерінің басын құрап, аса терең мағыналы гуманистік Шығыс-Батыс синтезін ашты.

ХІХ ғасырдың соңы Ресейдің Қазақ даласын темір бұғауға әбден шыр-мап, матап тастаған кез еді. Отаршылдықтың қыспағында қалған Дешті-Қыпшақ даласы, экономикалық, социалдық, мәдени құлдықтың шыр-мауында жанталасты және шыр-мауда қалған көшпенділер елінің мәдениеті де, адамдардың санасы да күйреді. Осы қиын-қыстау кезде ұлы Абай қараңғы халқына бағыт-бағдар беріп, демеу жасады.

Абайтану саласы бүгінгі әдеби өмірімізде үлкен ғылыми арнаға айналып отыр. Алайда ұлы кемеңгердің өнері мен творчествосы хақындағы алғашқы зерттеу мақала қашан және қайда жарияланғаны оқырман қауымға онша белгілі емес. Абайдың өскен ортасы мен творчествосын жүйелеп, тұңғыш рет бірізге салған, Абайтанудың негізін қалаған – Әлихан Бөкейханов.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛА БЕТІМЕН КЕТЕДІ



Бала – біздің болашағымыз. Ертеңіміздің ертегідегідей көркем болуы балалардың білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Әйтсе де, үлкен үміт күтіп отырған ұл-қызымызға қатысты мәселе шашетектен. Әсіресе, өмірге енді қадам басқан балалардың қылмыстың бел ортасында жүруі, қатігездігі қайран қалдырады. Жастардың жүрегінің қараюына не себеп?

(Соңы 3-бетте)

ТҰҒЫР

ТАРИХЫН БІЛГЕН ЕЛДІҢ ТАМЫРЫ БЕКЕМ

Қазіргі кезеңде тәуелсіздігімізді қызықтап, бөркімізді аспанға ату кезеңінен алшақтап, көшіміз ұзап барады. Ендігі жерде тәттіге елтіген баладай таңырқап, тамсана бермей, бір уақ қолдағы барымыз бен жоғалтқанымызды санамен салмақтап, салыстыра сараптайтын, байыпты баға беріп отыратын шақ туғандай.

Ең бастысы, осы қазақтың меншігі-ау деп сеніммен айта алатын ұлттық құндылықтарымызға ешкім таласып жатқан жоқ, барымызды базарлай білу тек өзімізге қатысты мәселе болса керек. Ал ең бір талас тудыратындай мәселеге тарихымызды жатқызсақ, оның өзі уақыт өткен сайын бүркеме қабығы аршыла түсіп, өзінің шынайы бітім-болмысымен, арналы ақиқатымен танылып, жұртымызды қуантып келеді.

Иә, шынайы тарихқа шөлдеп өткен дәуірлердің ақиқатына зәру болғанымыз, дәл осы тарапта жігеріміздің құм болып келгендігі анық еді. Елің мен жеріңнің тағдыры жиі таразыға тартылып, империялық үстемдіктің қолжаулығына айналған жерде, елдік тарихың да соның кебін киіп, «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегендей, өз еркің өзінде

болмаған соң, өткеніңе де өзгелер төрелік айтып, қасиетті тарихыңның құнсызданып, қадірі қашуы да лезде екен.

Өткенін түгендемеген ел өспейді

Тек «Қазақ ССР тарихы» деп аталған биттің қабығындай жұп-жұқа оқулық кітаптан ғана жүріп өткен жолдарымыз – бастан кешкен тарихымызды, қалың қазақтың қадірі мен қасиетін, ата-бабаларымыз айбарымен жасқап, қызғыштай қорып, сақтап, осыншама жерді иеленген халқымыздың барша жақсылығын танып-біліп, сол тар аямен өлшеп келіппіз...

Осындайда арқалы ақынымыз Қадыр Мырза Әлінің: Менің бабам қақтаған қыр аптабы, Көшіп-қонып,

Ұрпағы тұрақтады. Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих,

Оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы!... – деп жырлағаны жиі еске оралады. Бұл жыр жолдарына бір кездегі елін-жерін өртене сүйген арда қазақтың отарлаушы империяға деген наразылығы да, ар-намысы да сыйып кеткендей.

Ел мен жердің жаңарып, бой көтеруімен бірге, оның тарихы да тәуелді күніміздегідей, сіресең, мұз болып қатқан қалпынан арылады екен, жаңа дәуірмен бірге жасарып, жаңғырады екен. Міне, соған куә болып, көңіл көншіп қана қоймай, ұлтымыздың еңсесі көтеріліп, намысымыз қайралып, дүр сілкініп, әруағымыз асып бара жатқандай. Бұл – кешегі отаршылдықпен алысып өткен алаш арыстарының көкейін тескен арманы еді. Ел тарихының қадір-қасиеті, құндылығы дегеніміз де осында жатқан шығар, оның серпілісі, тереңдік сипатқа ие болуы, ұлт рухының оянуымен барабар. Иә, шынайы тарихи болмысыңды танымай тұрып, жарқын болашаққа сеніммен қадам басуың да күмәнді.

Өз қолымыз өз аузымызға жетпей, қысымшылықпен күн кешіп жүрген шақта, қазақ тарихына кеңес тарихи арқылы үңіліп келдік, басқаша болуы мүмкін де емес еді. Әлгі биттің қабығындай деп қомсынсақ та, сол кеңес аясындағы тарихымыздың өзінде іліп алар қасиетіміз жоқ емес еді. Әсіресе, «патшаға әскер бермейміз!» деген 1916 жылғы, қазақтың қайнаған намысындай, жанартаудай бұрқ етіп оянып, жалыны жер-көкті шарпыған ұлт-азаттық көтерілісін бастаған әйгілі Аманкелді батыр мен нағыз халық қаһарманы екенін екінші дүние жүзілік соғыстың басынан бастап, жеңіс сағаты соққанға дейін дәлелдеген, аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы сияқты марғасқаларымыздың өздерімен-ақ тұтас халықтың абыройын жапқандай сезінгеніміз де рас. Сол кеңестік дәуірде, империялық, шовинистік пиғылдың үстемдігіне қарамастан, айға шапқан арыстандай айбатты батыр Бауыржан атамиз күндей күркіреген айбарлы дауысымен, ар-намысымен олардың аптығын басып, қарсы тұрып, ұлтымыздың шын мәніндегі символдық қаһарманына айналған болатын. Жалғыз Бауыржан батыр отаршылдықтың шынжырын тас-талқан қылып бұзып, империяның төбесінен төніп қарап, айбатымен жасқап тұрғандай елестейтін. Отаршылдықтың бұғауы мойынға кигізілген кезеңдерде қазақ деген халықтың батыр, намысқой, әрі көкірегі ояу, ұлы халық екенін, тұтас ел болып дәлелдей алмасақ та, осындай бір басы мың санға татитын, ғасырлар тоғысында бір-ақ рет туатын бірегей

тұлғаларымыз қадау-қадау шығып, бой көрсетпеп пе еді!

Алашты алға сүйреген арыстар

Олар санаулы болса да, өктем империядан айылдарын жимапты, өр халықтың ар-намысы болып оянып, алаштың асқақтығын танытыпты: Сырым Датұлы, Кенесары хан, Есет Көтібарұлы мен Жанқожа батырлар, Исатай-Махамбет, Аманкелді, Кейкі батырлар, Әбдіғаппар хан, алаш ардақтылары Әлихан, Ахмет, Мір-жақып, Мағжан... Жалғыз жортқан жолбарыстай қаһарман Бауыржан мен бейбіт күннің батыры, аждаһаның аузынан алты облысымызды аман алып қалған, империяға арыстандай азу көрсетіп, алаштың айбатын ақыры танытқан Жұмабек Тәшеновтер көңілге тоқшылық әкелетін есімдер. Осылардың әрқайсысы мыңдардың ісін тындырыпты, елдігіміздің тұғырын биікке көтеріпті, империяның кеудесін басуға жаратты, санастыруға мәжбүр қылыпты, кімнің тақиясына тар келері?

Кейде, санмен емес, бірегей сапалық қасиеттерімізбен мерейіміз үстем болған шақтарымыз тарихымызда аз болмапты. Тұтас халықтың ар-намысы тапталған жерде, еріксіз отаршылдық бұғауы мойнына кигізілген кезде, осындай кезелеген тұлғалар бой көтеріп, алға шығады екен. Сол бірегейлеріміз ұлт абыройын көтеріп, барша жауапкершілігін иықтарына артып алып кетуі заңдылық сияқты.

(Соңы 5-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

ПӘРМЕН



ТӨРАҒА ЖЕРГІЛІКТІ БИЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Атырау облыстық сотының төрағасы Мұхтар Парменов «Атырау облысының Билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің мүшелерімен кездесу өткізді.

М.Парменов Билер кеңесі татуластырушы билердің тарихи тәжірибесін жандандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізетінін, Кеңес жұмысының негізгі мақсаты Мемлекет басшысының дауларды сотта және соттан тыс шешуді жетілдіру бойынша тапсырмаларын орындау, қоғамда татуластыру рәсімдерін одан әрі дамыту, өңірдегі дауласушылық деңгейін төмендету және ұлттық құндылықтарымызды сақтау болып табылатынын атап өтті.

Шарада Билер кеңесінің төрағасы Габбас Хисметуллин дауласу деңгейін төмендету бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, «Атырау облысының Билер кеңесі» 2018 жылдың желтоқсан айында облыстық сот бастамасымен құрылып, оның құрамына өңірдің танымал қоғам қайраткерлері, зияткерлер өкілдері және отставкадағы судьялар кіргенін, бірлестік 60 мүшеден тұратынын, оның 15-і қалада, қалғаны жұмыс тобы ретінде аудан орталықтарында әрекет ететініне тоқталды. Сондай-ақ, өздеріне көрсетілген сенім үшін алғыс білдіріп, алдағы уақытта да жанжалдарды шешуде бірлесе нәтижелі жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді.

Атырау облыстық сотының төрағасы М.Парменов Кеңес мүшелеріне өңірде татуластыру институтын дамыту бағытындағы қызметтері үшін алғыс білдіріп, нәтижелі еңбек тіледі.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

БАЗЫНА

Сарыағаштағы бұлдiршiннiң өлiмi қоғамды дүр сiлкiндiрдi. Ашулы жұрт айыптыға өлiм жазасын сұрап, заңды қатаңдатуды талап етуде. Бұл дұрыста! Жазаны қатайтпаса, жазықсыз балалардың әлi қаншасының тағдыры талқан болары белгiсiз. Дегенмен, тап сол сұмдық қылмыс үшiн судьяны сөзге iлiктiрiп, педофилдi жазадан босатып жiбергендей суретiн қайта-қайта желiлерде жариялаудың қажетi жоқ.

Заң нормаларын өрескел бұзып, заңнан ауытқып, қылмыскердi босатып жiберсе, дәл қазiр Шетенoвтiң басынан ешкiм сипайын деп тұрған жоқ. Жоғарғы Сот та, облыстық сот та сот саласына жағылған күйеден алып шығу үшiн қатаң жаза қолданар едi. Ол үшiн Қылмыстық кодексте көрсетiлген бап та бар. Сол баппен iс те қозғар едi.

Қылмыстық кодекстiң 418-бабына сәй «Судьяның (судьялардың) көрiнеу әдiлетсiз сот үкiмiн, шешiмiн немесе өзге де сот актiсiн шығаруы – белгiлi бiр лауазымдарды атқару немесе белгiлi бiр қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейiнгi мерзiмге айыра отырып, екi жылдан алты жылға дейiнгi мерзiмге бас бостандығынан айыруға жазаланарды».

Бұл жерде судьяны ақтайтын ойым жоқ. Балаға қатысты қылмысты қарап, педофилдi босатып жiберсе, әңгiме басқа. Бес сауақтың бiрдей емесiндей, соттардың бәрi жемқор, сауатсыз емес. Өз iсiне берiлген әдiл, адал, принципшiл мамандар аз емес бұл салада. Бұл жерде қылмыстық заңдардың солқылдақтығын, осал тұстарын айтқан жоқ. Ал заңдарды соттар қабылдамайтыны белгiлi. Соттар Парламентте қабылданып, қолданысқа енген заңдарды қолданып, шешiм шығарады.

Ал Шетенoвтiң көпшiлiк сынап жатқан сот үкiмiнде айыптының үстiнен Қылмыстық кодекстiң 106-бабы 1-тармағымен iс қаралған. Бұл ауыр қылмыс. Қылмыстық кодекстiң бұл бабы бойынша айыпталған адамды үш жылдан сегiз жылға дейiнгi мерзiмге бас бостандығын шектеуге не сол мерзiмге бас бостандығынан айыруға жазаға кесуге болады. Осы ретте сот екi тараптың татуласуын назарға алып, кiнәлiнiң бас бостандығын шектеу жазасын тағайындаған. Себебi, қылмысқа қатысты екеу бiрге жалданып жұмыс iстеген, бiрге iшкен. Содан болар, жәбiрленушi кешiрiм берiп қоймай, танысына ауыр жаза тағайындамауды сұраған.

Жалпы, қылмыстық заңнама нормаларында жеңiл және орта дәрежедегi қылмыстар бойынша екi тарап татуласып, жәбiрленушi кешiрiм берсе, iс қысқартылуға жатады.

Қызылорда қалалық Полиция басқармасына қарасты ювеналды полиция бөлiмшесiнiң инспекторлары жасөспiрiмдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында рейд өткiздi. Мұндағы мақсат түнгi уақытта ойын-сауық мекемелерiнде, көшеде заңды өкiлдерiнсiз бейсауыт жүрген жасөспiрiмдердi анықтау.

Есептi мерзiмде ИО-на қадағалаусыз, қараусыз, қаңғыбастыққа салынып жүрген, әртүрлi құқықбұзушылық деректерi бойынша жалпы 3227 өкiмшiлiк хаттама толтырылды. Кәмелетке толмағандарды бейiмдеу орталығына 201 жасөспiрiм тапсырылған.

Өкiмшiлiк құқықбұзушылық туралы кодекстiң 127-бабына сәй ата-ананың немесе басқа да заңды өкiлдердiң балаларды тәрбиелеу және оқыту жөнiндегi мiндеттердi орындамауы жауаптылыққа соқтырады. Есептi кезеңде осындай өз мiндетiне селқос қараған 50 азаматқа сот құзырымен өкiмшiлiк шаралар белгiлендi.

Түнгi уақытта 23.00-ден кейiн заңды өкiлiнсiз тұрғын жайдан тыс жерде

болған 2058 жасөспiрiм анықталып, олардың жақындарына тиiстi өкiмшiлiк шара көрiлсе, кәмелетке толмағандардың түнгi уақытта ойын-сауық мекемелерiнде болуына жол бергенi үшiн 74 құжат өкiмшiлiк сотқа жолданып, сот құзырымен тиiстi шара белгiлендi.

Осы аралықта ортақ пайдаланылатын орындарды тастағаны үшiн ҚР ӘҚБТК-нiң 434-2-бабымен 682 өкiмшiлiк хаттама рәсiмделдi. Сонымен қатар, балалардың тәрбиесiмен айналыспай, ата-аналық мiндеттерiн дәлелсiз себептермен орындамаған 3 ата-ана сот құзырымен ата-аналық құқығынан шектелсе, 3 ата-ана сот құзырымен ата-аналық құқығынан айырылды.

1 жасөспiрiм Абай облысы, Көкпектi ауданы, Үлкен Бөген ауылында орналасқан «Абай облысының ерекше режимде ұстайтын арнайы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттiк мекемесiне бiр жыл мерзiмге орналас-тырылды.

Қызылорда қаласы көлемiнде жасөспiрiмдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың және жасөспiрiм-

дерге қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында заңмен тыйым салынған уақыттан кейiн қоғамдық орындар мен көшеде, ойын-сауық орындарында бей-берекет жүретiн кәмелетке толмағандарға өкiмшiлiк шаралар қолданылуда. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға итермелейтiн ересек адамдарды анықтау, полиция органдарының профилактикалық және тiзiмдiк есебiнде тұратын кәмелетке толмағандар мен қолайсыз отбасылардың тұрғылықты мекенжайларынан тексерiп, олармен профилактикалық бағытта жұмыстар жүргiзу мақсатында 5 шара өткiзiлдi.

Әрбiр ата-ананың назарына кәмелет жасына жетпеген балаларына қараусыз қалдырмау, бала тәрбиесiмен тұрақты түрде айналысу ескертiлдi. Әр ата-ана өз баласының өмiрiне жауапты екенiн ұмытпауы керек.

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының баспасөз қызметi

ТІРШІЛІК

Алматы өкiмiнiң орын-басары Асқар Әмрiннiң айтуынша, мегаполисте 11 жылдан астам уақыт бойы жол жүру құны өзгерiссiз болған. Автопарк тозған, автобустардың өзi де жақсы жағдайда емес. Содан берi 11 жыл өттi, барлық тауарлар мен қызметтердiң бағасы көтерiлдi, тек жол жүру құны өзгерiссiз қалды, бұл кез келген логикаға қайшы келедi.

«Ағымдағы тариф тасы-

ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАДЫ

малдаушылар шығындарын өтпейдi, өйткенi, жол жүрдiң нақты құны бекiтiлгеннен 3 есе қымбат. Осыған байланысты өкiмдiк ай сайын тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялар түрiнде жабуда. 2020-2022 жылдар кезеңiнде төленген субсидиялар сомасы 115,8 млрд теңгенi құрады», – деп нақтылады Асқар Әмрiн.

Статистикаға сәйкес, өткен онжылдықта көлiкте жол жүру бағасы республика бойынша басқа қалаларда

мен газ 300%-ға қымбаттады.

Ендi жаңа өзгерiске сәй қолма-қол ақшасын төлем жасағандар жолақысы үшiн 100 теңге, ал қолма-қол төлеммен 200 теңге төлеуiне тура келедi. Жаңа тарифтердi қолдану биылғы жылы субсидиялар сомасын шамамен 10 млрд теңгеге төмендетуге мүмкiндiк бередi. Бұл сома түскен қаржыны басқа да әлеуметтiк маңызды бар жобаларға қайта бөлуге мүмкiндiк бередi», – дедi Алматы қаласы өкiмiнiң орынбасары Асқар Әмрiн.

Ережеге орай қоғамдық көлiктегi жол жүру тарифi тасымалдаушылардың шығындары артық болғаннан кейiн үнемi қайта қаралуы керек. Өткен онжылдықта бағаның жалпы өсуi аясында сапар құны жасанды түрде бiр деңгейде ұсталды, дегенмен 2012 жылдан бастап отын

А.ҚҰРМАНҒАЛИ

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ШІНДЕ ЕҢ ҚОРҒАНСЫЗЫ - СУДЬЯЛАР



Алайда ол бап ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған тұлғаларға қолданылмайды. Қанша жерден татуласса да, жәбiрленушi мың рет кешiрiм берсе де, ауыр қылмыс жасаған адам сотталуға жатады. Бiрақ тараптардың татуласуы – жазаны жеңiлететiн мән-жайға жатады. Ондай жағдайда сот заңда көзделгендей, жазаны жеңiлдеу түрiн қолданады.

ҚР Қылмыстық кодексiнiң 68-бабы 1-бөлiмiнде «Қылмыстық терiс қылық немесе қазарға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбiрленушiмен, арыз берушiмен татуласса, оның iшiнде медиация тәртiбiмен татуласса және келтiрiлген зиянды қалпына келтiрсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады» деп таға таңба басқандай көрсетiлген.

Ендi осындағы заңның солқылдақтығы қай жерде? Сарыағаштағы қыз өлiмiне елбепкер деп ұсталған азамат бұрын адам өлтiру бабымен 10 жыл отырып шыққан екен. Сондықтан халықтың «Неге адам өлтiрiп, сотталғандығын есепке алмады» деп күйiнуi заңдылық. Мiне, заңның осал тұсы осы жер. Ол қаныпезердiң биылғы сот үкiмi шыққан тұста соттылығы толық жойылған. Соттылық қанша мерзiмде жойылады? Елге түсiнiктi болу үшiн заңның сол бабын салайын:

ҚР Қылмыстық кодексiнiң 79-бабы, 3-бөлiмi бойынша Сотталғандық:

- онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшiн бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейiн үш жыл өткен соң;

- ауыр қылмыстар үшiн бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейiн алты жыл өткен соң;

- аса ауыр қылмыстар үшiн бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жазаны өтегеннен кейiн сегiз жыл өткен соң жойылады.

Яғни, соттылығы жойылған адам жаза

тағайындалғанда сотталмаған боп есептеледi. Осы жерде мәселенiң ақ-қарасына үңiлiп жатпай, қит етсе, соттарды қарауға дайын тұратын популизмге үйiр жандарға әр сөзiне жауаптылықпен қарауды ескерту маңызды. Мұндай қылмыстың алдын алу үшiн заңды қабылдаушылар Қылмыстық кодекстiң соттылыққа қатысты бөлiмiне өзгерiс енгiзгенi жөн. Соттылықты жою деген бап заңнан мүлде алынып тасталсын немесе бұрын ауыр қылмыс жасағандарға соттылығы жойылса да, кейiнгi қылмысына жаза тағайындағанда жеңiлететiн мән-жайлар қолданылмауы керек. Заңның сондай осал тұстарын ауыстыруға, бұрын ауыр қылмыспен сотталғандарға қатысты тұстарын қайайтуға қоғам болып күш салу кезек күттiрмейдi. Өйткенi, соттар да адам. Олар күнделiктi қаншама iс қарайды. Алдынан өтетiн пәленбай қылмыскердiң қайсының болушақта қылмыс жасайтынын бал ашып бiлмейдi ғой. Әрбiрден соң соттың мiндетi жазалау емес, тәрбиелеу, қоғамнан алыстамауына жағдай жасау. Содан соң, сот шешiмдi өзiнiң жеке ойы мен тұжырымына сүйенiп шығармайды. Iстегi сараптама қорытындыларына, сол саладағы кәсiби мамандардың пiкiрлерiне, прокурордың қорытындысына сүйенiп жаза тағайындайды.

Мамырдағы сот үкiмiмен әлгi адамдық кейiптегi екi аяқты хайуанды үш жылға бас бостандығынан айырғанда, ол түзелiп, сол қылмысты жасамас па едi? Жоқ әрине, түрмеден шыққасын, ол осы қылмысты қайталай едi. Тек бiраз жылдан соң орын алар едi, осы тектес қылмыс..

Ал сот төрағасын, судьяны қызметiнен алғанмен, дәл осы заңдар қолданыста бар кезде, ештеңе өзгермейдi. Президент сол iске назар аударғасын, қоғам шулап кеткесiн, соттарды орнынан алып, қызметiнен кетiру – дұрыс шешiм деуге келмейдi. Бұл жерде заңдарды дұрыстау керек. Әйтпесе, кеткен судьялардың орнына келген судьялар да дәл осы заңға сүйенiп, шешiм шығарады. Айтқым келгенi осы. Заңдарды судьялар қабылдамайды. Олар дайын заңдарды қолданып қана шешiм қабылдайды.

Олай болса, сол солқылдақ заңдарды қабылдаған, сол заң нормаларының жобасын ұсынған, жұмыс топтарында талқылаған адамдарды да аты-жөндерiмен, фотоларымен жариялайық. Солай әдiлеттiрек болады. Әйтпесе кез келген жағдайда бiреудi кiнәлi жасай салу – бiздiң қоғамның әдетiне айналып кеткендей. Бiзде тек ақ пен қара түс қана бар сияқты. Бiреудi ақтағымыз келсе, аппақ етiп аламыз, басқа түсiн көрмеймiз, ал қаралағамыз келсе, қап-қара түнектен басқаны

көрмеймiз. Қазақта «быламықтан да тiс сынады» деген сөз бар. Соттан тыс жерде де өмiр бар, Шетенoв те қазiргi жұмысына жабысып қалмаған шығар. Құқықтық көмек көрсетсе де аштан өлмес. Бiрақ жүрекке түскен салмақ пен денсаулыққа келген зиянды кiм өтейдi? Ел алдында күйе жағылған абыройдың өтеуiн кiмнен сұрайды? Ол да бiреудiң үмiт күткен ұлы, бiреудiң жары, бiреуге арқа сүйер аға, бiреуге iнi, б бiрдей бала тәрбиелеп отырған әке. Ары-берiден соң, бес жасар баланысты ол өлтiрген жоқ қой. Судья қолданыстағы заңды басшылыққа алып, үкiм шығарды. Ол қылмыскердi соттады. Жәбiрленушiмен татуласуына байланысты жеңiлдеу жаза түрi – бас бостандығынан шектеу жазасын тағайындады. Заңда солай көрсетiлген, өйткенi. Ал алдыңғы соттылығы жойылып кеткендiктен, заң бойынша ол адам сотталмаған боп есептеледi. Iстi қысқартып, заңды белден басып, қылмыскердi босатып жiберген жоқ. Сотталушының қоғамды дүр сiлкiндiрген қазiргi қылмысы – мүлде басқа iс.

Жалпы алғанда, барлық құқық қорғау органдары қызметкерлерiнiң iшiнде ең қорғансызы, қоғам тарапынан буллингке көп ұшырайтыны – судьялар. Иә, дәл солай. Соттардың аты дырдай болғанмен, басқалардың құқығын қорғағанмен, өздерiнiң құқығын қорғауға келгенде дәрменсiз, мiнезсiз екенiне талай куә болғанбыз.

Бiр ғана мысал, кешегi әуежай iсiнде де үкiм шығарған судьяны суретiмен қоса салып, қарғап-сiлеп жатқан жұртта есеп болмады. Ол судьяның шығарған актiсi ресми заңсыз деп танылып, сол үшiн тәрiптiк, не қылмыстық жауапкершiлiкке тартылса, бiр жағ. Ары-берiден соң, олар да адам, олар да Қазақстан Республикасының азаматтары. Олардың да бәрiмiз сияқты Конституциямен бекiтiлген құқықтары бар. Ал бiреудiң суретiн рұқсатсыз БАҚ-қа жариялаудың заң алдында жауапкершiлiгi барын неге екенiн ұмытып кете беремiз.

Мiне ендi тағы да бекеттi судья желiдегi кибербуллингтiң құрбаны болып отыр. Ал Жоғарғы Сот үнсiз. Бiзде неге құзырлы органдар өз кадрларын қорғамайды?! Жаманды-жақсылы сол системаға тер төктi, қанша жылын сарп еттi. Шынымен заңды белден басса, жемқорлыққа жол бергенi дәлелденсе, ешкiмдi аямасын. Ол кезде әңгiме мүлде басқа. Қоғам шуласа бiттi, ол тапсырыспен жасалып жатқан дүние ме, анық-қанығына көз жеткiзiп жатпай, орнынан ала салу, өз кадрларын елге талата салу – дұрыс саясат емес.

Ләззат АХАТОВА, адвокат



(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәкітай (Абайдың інісі – Ысқақтың баласы) Абай өмірінің бел-белесін, творчестволық жолын, ізденіс бағыттарын саралап, бір жүйеге негіздеп Әлихан Бөкейхановқа жиыстырып береді. Абай қайтыс болған соң жеті айдан кейін, яғни 1905 жылы Семей қаласының Географиялық бөлімшесінің «Семипалатинский листогында» орыс тілінде Әлихан Бөкейхановтың азалы ғұмырнамасы (некролог) жарияланды. Оның соңында бұл деректерді ретке келтіріп, баспаға ұсынған Кәкітай Ысқақов екендігі туралы сілтеме бар.

Сондай-ақ, 1907 жылы сол Географиялық қоғамның арнайы жинағында Абайдың суреті тұңғыш рет баспа бедеріне түсті. Осымен қатар 1909 жылы Кәкітай Ысқақов Петербургтегі Бороганский баспаханасынан Абайдың тұңғыш өлеңдер кітабын жарыққа шығарып, өмірбая-

АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕН, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ!

ны, өлеңдері тақырыпқа реттеліп, түсініктемелер берілді. Абайтанудағы Кәкітайдың еңбегі жөнінде Мұхтар Әуезов: «... Бұл жөнінде қазақтың мәдени тарихына Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп, баулыған Кәкітай Ысқақұлының еңбегін ерекше айту керек», – деп жазды.

Бұрын «Абай ешқандай билік етпеген, қызмет атқармаған, тек шығармашылықпен айналысқан» деген жаңсақ пікір қоғам ішінде кең таралған болатын. Кеңес үкіметінің жымсысқа саясатына осындай көзқарастың қалыптасуы тиімді болды. Ал шындығында, Абай 16 жасынан бастап билікке араласқан. Атап айтқанда, 9 жыл бойы Шыңғыс болысын және 3 жыл бойы Мұқыр болысын басқарған. Одан басқа 6 жыл бойы би болып сайланған. 1885 жылы Шар өзенінің жағасындағы Қарамола деген жерде Павлодар, Қарқаралы, Семей және Өскемен уездері билерінің съезіне Абай Семей уезіндегі Шыңғыс болысының биі ретінде қатысқан. Осы съезде Абай төбе би және жиынның төрағасы болып сайланады. Кейіннен Абайдың жетекшілігімен 96 баптан тұратын «Қарамола заңдары» дайындалады. Заңды қабылдауға 40 болыстың беделді би-

лері қатысқан. «Қарамола заңдары» Қазан қаласында қазақ және өзбек тілдерінде жарық көрген және Кеңес төңкерісіне дейін қазақ даласында кең көлемде қолданылған.

Абай дайындаған «Қарамола заңдары» өзінің бастауын қазақ хандарының құқықтық құжаттарынан алады. Мемлекеттік идеяның өміршеңдігі үшін күрескен қазақ рулары Жәнібек баласы Қасым хан кезінде мемлекетті нығайту, заң ережелерін бір қалыпқа келтіру, ішкі және сыртқы саяси ахуалға заңдарды ыңғайлау мәселесіне айрықша көңіл бөлген.

Айуандық пен әділетсіздікке қарсы күрескен Абай концепциясы ақын шығармаларының биік рухани бағасы болып табылады. Ақынның ерекшелігі, өмірді тек қана сүйіп-күюдің ордасы немесе тағдырдың межелі бөлігі ғана емес, ұзақ, күрделі күрес жолы деп ұғынуында. Абайдың сөздері өзінің мәнін, қажеттілігін, өзектілігін ешқашан да жоғалтқан емес. Сондықтан, мектептерде, арнаулы оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында «Абайтану» пәнін міндетті түрде енгізу қажет.

2020 жылы 10 тамыз «Абай жылы» деп аталып еді, міне содан бері жаппай науқан-

шылық басталды. Бұл үрдіс дұрыс та шығар, бірақ Абайды дәріптеуді популизмге айналдырмай, дұрыс тенденция ретінде бүкілхалықтық сипатта атап өту керек. Қазіргі кезде басшылар Лао-цзы мен Конфуций, Платон мен Сократ, Достоевский мен Толстой, Вольтер мен Руссоның сөзін жатқа айтып, цитата етіп келтіріп жатады. Неге ел алдындағы азаматтар Абайдың айтып кеткен сөздерін мысалға келтіріп, әңгімесіне тұздық жасамайды? «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегенді қазақ осындайда айтқан болар, сірә.

Ал, Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет мен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де өз маңызын жоғалтпақ емес. Өйткені, ақынның мұрасы – бүкіл қазақ халқының рухани азығы. Сондықтан, Абайдың шығармаларын жаттап, өнегесін үлгі еткеннен ұтылмасмыз анық.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,

Жаттап, тоқы көңілге, – деп ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, күнделікті тыныс-тіршілігімізде Абайға үңілу, оның асыл мұрасын өскелең ұрпақтың бойына сіңіру – баршамызға парыз.

Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,
Ұлытау облыстық сотының судьясы,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛА БЕТІМЕН КЕТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы сауалды әлеуметтік желі арқылы көпшілікке жолдағанда жауап бергендердің сексен пайызы «жасөспірімдер арасындағы қылмыстың орын алуына ата-ана кінәлі» деген. Ал қалғандары мектеп мұғалімдері мен баланың араласатын ортасының кері әсерін алға тартты. Ендігі сауал – балалар теріс жолға түспеуі үшін не істеуіміз керек? Қоғам болып не жасауымыз қажет? Мемлекет қандай шара қолданса болады? Бір қынжылтатыны, жыл өткен сайын қылмыс әлемі жасарып келеді. Ересек адамдардың жасаған қылмысын, бала да жасай беретін болды. Бала кезінен осындай теріс жолға түскен жасөспірімнің өскенде түзеліп кетеріне кепілдік жоқ.

Бүгінгідей ақпараттық заманда жасөспірімдердің әлі қалыптасып үлгермеген психикасына зорлық-зомбылыққа толы фильмдер, ойындар, түрлі нсихаттар әсер ететіні анық. Психологтардың сөзіне сүйенсек, «қылмыс» сөзінің астарында көп себеп бар. Атап айтсақ, жасөспірімдер қылмысқа кек алу, өшпенділік, есе қайтару, өзге балаларға еліктеу, табыс табу үшін барады. Арасында абайсызда жасалатын қылмыстар да болады. Жаналықтар мен ғаламторда жасөспірімдердің жасаған қылмысын көріп жағанды ұстайсың.



Түркістан қалалық емханасының психологы **Бағила Бимендиеваның** айтуынша, қазіргі уақытта балалар арасындағы қылмыс ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. «Олар әртүрлі қылмыс жасайды. Атап айтсақ, вандализм, қатыгездік, ұрлық, тонау, қарақшылық, ұлтшылдық пропагандасы, зорлық-зомбылық, қоғамдық орындарда психотроптық немесе алкогольдік ішімдіктің салдарынан қылмыс орын алуы мүмкін. Мұның бәрі бала тәрбиесіне жеткілікті мән бермеуден. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, ең бірінші баланың отбасындағы тәрбиесіне аса қатты мән берген дұрыс. Бала тәрбиесіне кері әсер ететін жағдайлар, біріншіден ата-ананың бала тәрбиесіне деген немқұрайдылығы, алкоголь-



дік ішімдікке бейімділігі, үлкендер тарапынан көрсетілетін қысым, материалдық тапшылық және тағы да басқа әрекеттер. Ал, екіншіден ақпарат құралдарында көрсетілетін жан түршігерлік оқиғалар, сонымен қатар, әлеуметтік желідегі ақпараттың да ықпалы басым. Үшіншіден, баланың араласатын ортасы, достары да әсер етеді. Сол үшін баланың бос уақытында немен шұғылданып, кімдермен араласатынына жіті мән берген дұрыс. Балалар арасында қылмыстың алдын алу және жол бермеу үшін бала тәрбиесін біз өзімізден бастауымыз керек. Ересек адамдар құқық бұзбай заңға бағынып, заңға қайшы келген адамның қандай қателікке ұшырайтынын баланың құлағына құйып отырғаны абзал. Балалар өте сезімтал және әсер ету оңай болғандықтан, оларға тұлға ретінде қарауымыз керек. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген өлеңін негізге ала отырып, жастарға сеніп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, өзіміз жақсы істерімізбен үлгі көрсетуіміз қажет», – дейді психолог Бағила Рахманбердіқызы.

Расында, қазіргі заманда жұмысбасты болған ата-ананың балаларды бақылауға, күнделікті қадағалауға мүмкіндігі болмайды. Балалардың ермегі – ұялы телефон. Ғаламторды қарап отырып, әртүрлі және анайы қылмысқа толы фильмдерді көреді. Ерікпен бала ғаламтордан көргенін жасайтыны анық. Немесе, көшеге шығып өзі секілді бос сенделіп жүрген балаларға қосылып ақшасы болса ойын залға барып, қалтасындағы қаржысы таусылғанда ұрлыққа барады.

Кеңес үкіметі кезінде балалар телміріп компьютердің алдында отырмайтын, ғаламторға байланбайтын. Бір-бірімен футбол ойнап, арқа-жарқа араласқан балалардың достығы да берік еді. Ал, қазір аулада ойнайтын бала сирек.

Жасөспірімдердің уақытының басым бөлігі мектепте өтеді. Осы білім ордасында не болмай жатыр десеңізші?! Оқушылар арасында төбелес те, мұғалімдер мен ата-ана арасында түсініспеушілік те орын алуда. Мектепке суық қару апарып айналасына сес көрсетіп жүргендер де аз емес. Өзіне, ата-анасына сенген балалар мұғалімнен сескене қоймайды. Өкінішке орай, мектептегі тәлім-тәрбиені үйлестіріп, қылмыстың алдын алу міндеттелген мектеп инспекторларынан да қазір айтарлықтай нәтиже болмай отыр.

Оның себебі де белгілі. Бүгінде жалғыз инспектор екі-үш мектептің балаларын бақылап, құқық бұзушылыққа қарсы жұмыс жүргізуге мәжбүр. Қала мектептеріндегі оқушы саны көп болғандықтан, мектеп инспекторларының жағдайды толық бақылауда ұстауға мүмкіндігі жоқ. Дегенмен, инспектордың мектеп өміріне араласқаны біраз қылмыстың алдын алатыны анық.

Ата-аналар баланың тәрбиесіне мұғалім, психолог және инспектор жауапты дейді. Кейбір ата-аналар бала тәрбиесі отбасынан басталатынын естен шығарып алғандай.

Статистикалық деректер көрсеткендей, Алматы, Ақтөбе, Түркістан облыстарында балалар арасындағы қылмыс жиі тіркеледі. Дегенмен де, кейбір қылмыстың саны жылдан жылға азайып келеді. Түркістан облысы Кентау қаласы бойынша 2023 жылдың 7 ай көлемінде кәмелетке толмағандардың қатысуымен 4 қылмыс тіркелген. Сонымен қатар, Кентау қаласы ПБ ЖПҚ ЮПТ аға УПИ полиция капитаны Нұрдәулет Парменовтың сөзіне қарағанда, Кентау қаласында өткен жылы да кәмелетке толмағандарға қатысты 4 қылмыс орын алған.

– Быыл жасөспірімдерге қатысты 2 суицид орын алған. Бірі Кентау гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті болса, екіншісі медицина

колледжінің студенті. Қазіргі таңда орын алған осы екі дерек бойынша тергеу амалдары жүргізілуде. Кентау қаласы аумағында 2023 жылдың 7 ай көлемінде кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және жолын кесу, олардың жыныстық тиспеушілігіне қол сұғушылық, қорқытып алушылық қылмыстарының алдын алу мақсатында жыл басынан бері мүдделі мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім және жауапкершілік» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізілген. Атқарылған іс-шара барысында барлық білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандарға құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, олардың ата-аналарымен кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылар үшін Кентау қаласының ПБ ғимаратына және уақытша ұстау изоляторына экскурсия ұйымдастырылып, қылмыстың зардаптары түсіндірілді. Сондай-ақ, Кентау қаласы ПБ қызметкерлері күндізгі және түнгі мезгілдерде көшелер мен ойын-сауық орындарында рейдтік іс-шаралар жүргізіп тұрады. Аталған шара барысында түнгі мезгілде заңды өкілдерсіз тұрғын жайдан тыс жерде жүрген 207 жасөспірім, ойын-сауық орын-

комиссиясы отырысында әлеуметтік жағдайына байланысты 6 отбасыға қатысты құжаттар толтырылып, онда тәрбиеленіп отырған 14 кәмелетке толмаған бала Сайрам ауданында орналасқан «қиын жағдайға душар болған балаларды оналту орталығына» орналастырды. Сонымен қатар, есепте тұратын жасөспірімдер мен күрделі отбасында тәрбиеленіп отырған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер, олардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қалалық және білім беру бөліміне жолданды. Қазіргі таңда оқушылардың жазғы демалыс кезінде бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында және құқықбұзушылықтың алдын алу барысында барлық білім беру бөлімдерінде ата-аналармен және оқушылармен кездесулер өткізіліп, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шаралар қырылған, – деді полиция капитаны Нұрдәулет Парменов.

Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстандағы қылмыстың 57 пайызын 9-16 жас аралығындағы балалар жасайды екен. Қылмыстың басым көпшілігі ұрлық, қарақшылық шабуыл, өзгенің мүлкін заңсыз пайдалану болып табылады. Яғни, жасалған қылмыстың 53 пайызын – ұрлық, тонау – 10 пайызды, қарақшылық шабуыл – 15 пайызды құрайды. Қылмысқа баратын жасөспірімдердің басым бөлігі



дарында заңды өкілсіз жүрген 13 жасөспірім анықталып, олардың ата-аналарына әкімшілік шара тағайындалды. Ата-аналық міндетіне селқос қарап, баласының қылмыс жасауына жол берген 3 ата-анаға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды. Осындай іс-шаралар нәтижесінде түнгі мезгілде кәмелетке толмағандардың кіруіне рұқсат берген 4 ойын-сауық орнының әкімшілігіне және кәмелетке толмағандарға темекі өнімін сатқан 3 дүкен сатушысына 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды.

– Тағы бір айта өтетін жайт, Кентау қаласы ПБ ЖПҚ ЮПТ-ның профилактикалық есебіне құқықбұзушылыққа бейім 35 жасөспірім және 23 жайсыз отбасы алынған. Оларды бақылау жұмыстары жүргізілуде. Кентау қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау

жағдайы төмен отбасынан шыққандар. Осының өзі әр балаға ата-ана тарапынан көп көңіл бөлінсе, балалар қылмысы азаятынын дәлелдейді.

Жалпы, бала тәрбиесі ананың құрсағынан басталады. Отбасы – ұятты ұл, қылықты қыз қалыптастырудың мекені. Осы міндетті естен шығарған ата-ананың салдарынан қаншама жасөспірімнің тағдыры шыныдай шытынап кетті. Тұрасына келгенде, біз осы ұлағатты ұғымды дұрыс ұғына алмай жүргендейміз. «Менің балама сөйледі» деп мұғалімді жерден алып, жерге саламыз. Ата мен анасы тек демеген, бетінен қақпаған жасөспірім білгенін істейді. Сондықтан, әрбір ата-ана баласына өзін сыйлатып қоймай, ортаны да қадірлеуді, ортақ тәртіпке бағынуды үйреткені абзал.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

АТА ЗАҢ - АЙБАРЫҢ,
ӘДІЛ СОТ - ҚОРҒАНЫҢ

Өркениетті қоғам құруды мақсат етіп, құқықтық мемлекет қалыптастыруды мұратына айналдырған біздің еліміздің басты сүйенері де, сенері де – заң. Ал осы заңға сүйеніп төрелік ететін судьяларға қатысты талап жылдан-жылға күшеюде.

Бұл елімізде заң үстемдігін орнату, халықтың әділдік пен қауіпсіздікке деген сенімін нығайту талабымен байланысты болса керек. Мәселен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев республика судьяларының VIII съезінде сөйлеген сөзінде сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін айтып, оған қол жеткізу үшін ақпараттық технология мүмкіндігін кеңінен пайдалану, судьялардың кәсібилігін арттыру, сот төрелігі мен сот ісін басқарудың сапасына негізделген түбегейлі жаңа тәсілдерге бет бұру керекін алға тартты. Жаңа бастамаларды жүзеге асыруда Ата Заңымыздан бастап, барлық құқықтық құжаттардың жолбасшы болары даусыз.

Тәуелсіз еліміздің шамшырағы болған Конституцияның қабылданғанына биыл 28 жыл. Осы жылдар ішінде Ата Заң құқықтық мемлекеттің айбарына, қорғанына айналып үлгерді. Дүниежүзіндегі 56 үздік Конституцияның бірі атанған бас құжаттың артықшылығы аз емес. Себебі, Ата Заңымызды жазуға еліміздегі ең мықты, ең білікті заңгер мен мамандар топтастырылды. Өздеріне берілген мүмкіндікті жан-жақты пайдаланған жұмыс тобы Конституцияның халықаралық нормаларға сай жазылуына, шетелдің озық тәжірибелерін, халықтың менталитетін ескере отырып әзірленуіне басымдық берді. Бас құжатта көптеген демократиялық принцип қамтылған.

Тоғыз тараудан тұратын Конституцияда қоғам мен азаматтар мүддесінен бөлек, билік органдарының міндеті мен қызметі айшықталған. Соның ішінде сот билігіне айрықша орын берілген. Құжаттың VII бөлімі «Соттар және сот төрелігінің негізгі принциптерін айшықтайды. Мәселен, 75-бапта «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп бекітілген. Бұл құқықтық мемлекеттегі кез

келген дау мен келіспеушіліктің жұдырықтың күшімен емес, сот үкімімен реттелетінін көрсетеді. Заң пәрменді, сот мықты болғанда, елдің ішін дау, сыртын жау алмайды.

Конституцияның 77-бабында «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады» деп нақтыланған. Бұл сот тәуелсіздігінің анық, судья мәртебесінің биік екенінің басты белгісі. Ата Заңымызға арқау болған осы бағдарды баянды ету үшін елімізде көптеген іргелі реформалар қолға алынды. Президенттің Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы жолдауларында, республика судьяларының әр төрт жыл сайын өтетін съездерінде сот жұмысының сапасын жетілдіріп, судья тәуелсіздігін нығайтатын жаңашылдықтар кезең-кезеңімен қолданысқа енгізілді. Соның нәтижесінде отандық сотта оң өзгерістер орын алды. Жаңа технология сот жүйесіне жаңа бетбұрыс алып келді.

Одан бөлек, халықтың сотқа, әділдікке деген көзқарасы мен сенімін нығайтуда жаңа заңдардың да ықпалы зор. Мәселен, «Медиация туралы» заң тараптарды татуластырудың, дауды ортақ келісіммен бітудің негізін қаласа, «Алқабилер туралы» заң халық өкілдерінің сот төрелігіне тікелей қатысып, қаралып отырған іске байланысты өзіндік пікірін, ұстанымын жеткізуге жағдай туғызды. Алқабилер институты азаматтардың сот жұмысымен етене танысып, судья қызметінің қыр-сырына үңілуіне ықпал еткенін ерекше атап өткен жөн.

Сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті де әкімшілік әділет институтын жаңғыртқан, мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтар арасындағы



Қуаныш МЫХАНОВ,
Қармақшы аудандық
сотының төрағасы

теңсіздікті жоюға жасалған батыл қадам деп бағалаған абзал. Осы кодекстің қолданысқа енгізілуімен жаңа әкімшілік соттар тәжірибеде қолданылып, мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне көңілі толмаған жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен мүддесін қорғауға мүмкіндік жасалды.

Халық игілігіне қызмет етіп отырған осы құқықтық құжаттардың барлығы өзінің бастауын Ата Заңымыздан алады. Себебі, Конституция – елдегі барша заңдардың атасы. Ал осы Ата Заңның тарихын ғана емес, оның талаптарын білу азаматтарды заңсыздықтан құтқарары анық. Ол үшін халықтың құқықтық сауаты мен құқықтық мәдениетін көтеру кезек күттірмейді. Азаматтарды сауаттандыру, заңдағы жаңашылдықтарды таныстыру, құқықтық тетіктерді түсіндіру ісінен судьялар да шет қалмайды. Сот алаңында таразыланған істерді мысал ете отырып, заңсыздықтан сақтандыру біздің басты мақсатымыз.

Айтылған жетістіктеріміз бен айқын мақсаттарымыз, асыл мұраттарымыз, сөз жоқ, Тәуелсіздік деп аталатын қасиетті құндылығымыздың нәтижесі. Өз Отаны мен халқын бойтұмардай қастерлейтін, бабалардың аманатын ардақтайтын сот жүйесінің әрбір мүшесі ар мен заң жолында аянбай еңбек етуі тиіс. Ата Заң – халықтың жылдар бойғы арманы болса, соттар – халықтың қорғаны екенін іс жүзінде дәлелдей білгені абзал.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

КӘСІПКЕРГЕ
«БАЛЫҚ БЕРМЕ,
ҚАРМАҚ БЕР!»

Шағын және орта кәсіп – ел экономикасының негізгі қозғалыс күші. Монополия бәсекелестік пен сапаны өлтіріп, бағаны шарықтататыны айтпаса да белгілі. Елімізде бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен шағын және орта кәсіпті дамыту, қолдау жөнінде бірқатар жұмыстар атқарылауда.

Президентіміз «Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ. Әрине, мұның барлығы – күрделі мәселелер. Бірақ, оны шешудің нақты жолдары бар. Атап айтсақ, бұл – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру» деп дамуға пәрмен беретін тетіктерді баса айтқан болатын. Осы бағытты жетілдіру үшін бүгінгі күнге дейін мемлекет тарапынан қыруар қаржы да бөлінді. Дегенмен, адамға жақсылық тілесен «балық берме, қармақ бер» демекші, бөлінген қаражаттың да дұрыс игерілуін қамтасыз ету басты міндет. Осы мақсатта өзін тиімді құрал ретінде таныта білген механизмдердің бірі – қаржылай емес қолдау болып отыр.

Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының төрағасы Әуез Тәйібетов газетімізге берген пікірінде осы механизмнің арқасында Алматы қаласында шағын және орта бизнес субъектілердің өсімі бұрынғыға қарағанда едәуір өскенін жеткізді. Бұғине мегаполистің 380 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның ішінде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері 323 083 бірлікті құрайды екен. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 39% жоғары көрсеткіш. Әрине, Алматы сынды мегаполис туристерді де, инвесторларды да тартау қолайлы, логистикасы ыңғайлы орындардың бірі. Өйткені, негізгі нарық – Қытаймен шекаралас жатыр.

Шағын және орта кәсіптің өркендеуі жұмыс орындарының көбеюіне, халықты жұмыспен қамтуға да мол мүмкіндік береді. Дегенмен, көп кәсіпкерлер бизнесті басқару, кіріс-шығыс, салық, кадр мәселесі, т.с.с. детальдарға келгенде қапылып жатады. Бұның бәрі ұсақ-түйек көрінгенімен, жіптің бір ұшы көрінсе болғаны, қалған еңбек зая кетіп сөгіліп-ақ қалады. Ал «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы» сынды жобалар серпінді әрі жүйелі өсімге ықпал етеді. Бүгінде Алматы сияқты көптеген өңірлерде кәсіпкерлер палатасы жанынан кәсіпкерлерге қаржылай емес қызметтердің кең спектрі көрсетіліп келеді.

Әуез Бағбанұлы оның үстіне кәсіпкерлер сервистік қызметтерді орталықтан онлайн, сонымен қатар G4B.kz порталы арқылы онлайн да ала алатынын жеткізді. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демекші, бұл әдіс тегін, жылдам әрі ыңғайлы екені анық. Цифрлы қоғамның игілігін көру мүмкіндігі берілген заманда, әр салада елімізде осы жол оңтайландырылып, дамып жатқаны ішті жылытпай қоймайды.

Экономиканың барлық секторында жұмыс істейтін ШОБ субъектілеріне сервистік қолдау шеңберінде сервистік қызметтердің мынадай түрлері ұсынылады екен: бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізуге, сондай-ақ, статистикалық есептілікті жасауға байланысты қызметтер; заң мәселелері және конкурстық (тендерлік) рәсімдер жөніндегі қызметтер; қаржыландыру және мемлекеттік қолдау шараларын алу мәселелері жөніндегі қызметтер; бизнес-жоспар әзірлеу жөніндегі қызметтер.

Сондай-ақ, «Мен кәсіпкер» кәсіпкерлік әлеуетті дамыту құралы шеңберінде екі бағыт бойынша сервистік қызметтер көрсетіледі. Мұндағы бірінші бағыт – Алматы қаласындағы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы кәсіпкер әйелдерге және 18 жастан бастап кәсіпкерлік бастамасы бар әй-

елдерге көмек ұсынады. Мұндай қолдаудың шеңберіне консультациялар, кәсіптік және бизнес-оқу, сондай-ақ, дәстүрлі қолөнер түрлерін оқытуды ұйымдастыру (Қазақстан қолөнершілер одағының ұсынысы бойынша); менторлық; қаржыландыруды тартуда оқыту (краудинвестинг, Инвестициялар, гранттар, лизинг); әйелдер кәсіпкерлігі өкілдерінің халықаралық жобаларға қатысуына жәрдемдесу жөніндегі қызметтер (әйел кәсіпкерлерді ақпараттандыру); бизнес-шолу жүргізу; «Бір ауыл – бір өнім» жобасы шеңберінде жергілікті шикізаттан өнімді ілгерілету және әзірлеу жөніндегі қызметтер кіреді.

Ал екіншісі – «Кәсіпке бағыт» жобасы. Ол бойынша анықталған қажеттіліктер негізінде кәсіпкерлік әлеуетті арттыру мақсатында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің біліктілігін арттыру және салалық (бейіндік) оқыту жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы инновациялық жобаларға 400 АЕК-тен («Бастау бизнес») бастап 5 млн теңгеге дейін мемлекеттік гранттар алу бойынша кеңес беріп, жеңілдетілген несиеге, пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру бойынша ақпарат ұсынады.

Аталған игіліктің пайдасын көріп отырған кәсіпкерлер де жобаның тиімділігін айтып, тәлімгерлерінің мақтауын асырып отыр. Мәселен, Меруерт Байленова репетиторлықтан бастап бүгінде вачерлік орталыққа дейін өсіп, жұмыс жасап отырған еңбекқор жанның бірі.

«Оқу орталығын ашу пандемия кезінде ойыма келді. Өйткені, сол кезде оқушыларға математикадан онлайн репетиторлық жасап жүрдім. Кейінірек инстаграмда парақша ашып, оқушыларға каникул кезінде қосымша ақша тауып, өз шығындарын жабатын дәрежеге жетсін деген ниетпен түсірілім жасалу жолдарын үйреттім. Нәтижесінде инстаграм жүргізуді, видео түсіруді үйреттім курс түздім. Уақыт өте «Даму бала» жобасы бойынша тегін үйірмелерге өтініш беріп, рұқсат алдым. Бейне түсірілім жасап, басқаларға да үйретемін деген оймен басталған ісім бүгінде бірнеше ағылшын, математика, домбыра, шахмат үйірмелері сынды бағыттарды қамтыған іргелі орталыққа айналды.

Әрине, осы тұста Алматы кәсіпкерлерді қолдау палатасының Бизнес Бастау курсынан алған білімім көп жерде жарады. Жұмысшылардың айлығын есептеу, кадр таңдау, құжатпен жұмыс, істі жүйелеу сынды детальдарға байланысты толымды ақпараттар берілді. Онда тәлімгер Сәтжан ағамыз бізбен тамаша жұмыс жасады. Көп сұрақтарымызға жауапты сол кісіден сұрап біліп отырдық. Кейін алған білімім, қолдау арқасында Бизнес бастау арқылы 1 млн 200 мың грант ұтып, ісімді дөңгелетіп алып кеттім. Шүкір, қазір бәрі өз ретімен жүріп жатыр» дейді кәсіпкер.

Кәсіпкер жаңа жұмысты бастамас бұрын өзінің тұрып жатқан жеріндегі өзекті мәселелерді, халыққа не керекін, қандай қызмет ұсына сұранысқа ие болатынын терең зерттеген. Алматы қаласы Алатау ауданы, Теректі ық-шам ауданында әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасы көп екен. Ал тұрғылықты жер мен мектепке жақын тегін үйірмесі бар орталықтың аздығы, не алыстығы ол да мәселе. Жаңа орталық – кәсіпкер арманының жемісі. Оның ә дегеннен тұрғындар сұранысына ие болып, жұмыстың қиындықсыз жүйеге түскені де сондықтан. «Kasem оқу орталығын» түзген Меруерттің алдағы уақытта ҰБТ-ға дайындық сабақтарын қоссақ деген ниеті бар екен. Ләйім ниетіне амал-әрекеті жеткізгей.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ӘДІЛЕТ

ҚҰЖАТТАР ТОПТАМАСЫ
ТОЛЫҚ ҰСЫНЫЛУЫ КЕРЕК

Әділет департаменті көрсететін мемлекеттік қызметтің бірі «Өндіріп алушының өтініші бойынша атқару құжатының негізінде атқару өндірісін қозғау» болып табылады.



құжаттарды жолдайды. Бұдан кейін қызмет беруші құжаттар келіп түскен күні оларды Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркеп, мемлекеттік сот орындаушысына береді. Ал мемлекеттік сот орындаушысы құжаттар келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау немесе қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарып, оны көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация немесе көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және бұл туралы қолхат береді.

Рұқсаттар және хабарламалар мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде түседі. Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органды және/немесе «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамын хабардар етеді.

М.НУКЕНОВА,
Әділет департаменті атқарушылық
өндірісті қамтамасыз ету бөлімінің
бас маманы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Мемлекеттік қызметті атқарушылық іс-әрекеттердің жасалу орны бойынша аумақтық әділет органдары көрсетеді. Жеке немесе заңды тұлға мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттарын:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші;
 - 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
 - 3) портал арқылы жолдайды.
- Талапқа сәйкес қызмет алушы қызметті берушіге

ТАРИХЫН БІЛГЕН ЕЛДІҢ ТАМЫРЫ БЕКЕМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Зандылық дейіміз, кеңестік тоталитарлық режим тұтас халықты айыпқа тартудан, жазалаудан танған жоқ, оған Қазақстанда қолдан жасалған ашаршылық, елде жаппай белең алған репрессия дәлел. Осындай халық тағдырын ойыншыққа айналдырған деспотизм жағдайында жалғыз жортқан жолбарыстай ерлеріміздің жарқ етіп бой көрсетуі – ұлтымыздың қанымен сіңген қасиеттерінің ешқашан жойылмайтындығының нақты сипаты еді. Тек санаменен салмақтай алсақ жарады. Кеңес дәуірінде анық дәл бағасы берілмеген, әділетті сарапталмаған тарихи оқиғалардың біріне XIX ғасырдың басындағы орыс-француз соғысы жатады. Тіпті, сол кездің өзінде байыптаған адамға шикілігі білінгендей екен: «Қазақ ССР тарихы» оқулығында бұл соғысқа қатысқан деп бірді-екілі қазақтың аты аталса, кеңес тарихында бұл туралы дерек мүлде жоқ. Былай қарағанда, мемлекет аясында шешілетін мәселеге тарихты құрастырушылар жүрдім-бардым қараған. Бұлай дейтіміз, ол кезде Қазақ хандығы тарқамаған, әлі өз күшінде, орда ретінде дүниеге аты мағлұм, яғни, мемлекеттік құрылым күшін жоймаған кезең. Сондықтан, бұл соғысқа қазақ жауынгерлерінің қатысу-қатыспауы хандық аясында қаралып, шешілетін мәселе болса керек еді. Ал солай шешілген болса, ол соғысқа қалайша бірді-екілі адам жіберілмек? Әлгі қолжаулық оқулыққа сенсек, ерігіп, ұрынаға қара таба алмай, қолдары қышып жүрген бір топ қазақ әшейін қатыса салып, соның бір-екеуі тәуір қимыл көрсетіп, көзге түсіп қалғанға ұқсайды. Әшейін, мазақ тұжырым екені айқын. Салмақты, сауатты тарих бұлай өрлімесе керек еді.

Сөйтсек, шынайы тарих мүлде басқаша. Біз өзімізге қатысты тарихты айтып отырмыз. Мейлі, қай өлшеммен қарасақ та, патшалық империяның қай билеушісі де, Петр императоры да, қатын патшайымы да империялық астамшылықпен, өздерінің тарихын тек орыстық үстемдік тұрғыдан жазып көрсетуді бұйырып, тарихшы ғалымдарға арнайы тапсырма бергені әлдеқашан белгілі болған. Яғни, орыс армиясын тек жеңімпаз тұрғыдан көрсету империялық идеологияның басты мұрат-мүддесіне айналған. Патшалық Ресейдің осы бағыты кешегі кеңестік дәуір тұсында да жалғасқанын сіз бен біз жақсы білеміз. «Жеңілуді білмейтін кеңестік советтік державы» деген ұраншылдықтың ар жағында одақ құрамына кірген он бес республиканың немесе қазақтың мүддесін қорғау емес, орыстық империялық мүдде жатты. Сондықтан да «елім», жерім» деп бас көтерген, алашының жоғын жоқтаған арыстарымыз жапа шекті...

Орыс-француз соғысында қазақтардың ізі бар

Осы мүдде олардың тек тарихында емес, әдебиеті мен өнерінде де көрініс табуы тиіс болды. Басқасы туралы сөз қозғамай-ақ қояйық, өзіміз тілге тиек етіп отырған орыс-француз соғысының тарихы да империялық мүддеге негізделіп жазылғанын ғалымдар дәлелдеп отыр. Және бұл бір жақты көзқарасқа негізделмеген пікір, қазақ ғалымдары осы соғыс туралы француз жұртының мемлекеттік архивтік деректерімен сәйкестендіре деректер келтіруде.

Ең алдымен айтарымыз, ел тарихына енгізілмеген архив мәліметтеріне сүйене сөйлесек, қазақтардың бұл соғысқа қатысуы екі елдің, яғни, Ресей мен Қазақ Ордасы хандарының өзара келісімі арқылы жүзеге асқан. Бұрынғы жалпыға мәлім тарихтан да белгілі, сол тұста бүкіл дүниеге жеңілмейтін император болып танылған әйгілі Наполеон Бонапарт өзінің жеңімпаз 600 мың француз әскерімен 1812 жылы 2 қыркүйекте шерулетіп Мәскеуді басып кіргенде, оған орыс қолбасшысы М.Кутузов басқарған патша әскері қарсы тұрған. Бұл соғыс тарихта «Бородино шайқасы» деген атпен белгілі. Бірақ, осы соғысты орыс тарихы қанша әспеттеп, дақпыртын асырып көрсетсе де, М.Кутузовтың қолбасшылық дарыны көрінбеген. 100 мыңға жуық адам қаза болып, 14 сағатқа созылған соғыстан соң ақыры орыс қолбасшысы Мәскеуді тастап, қашып шыққан. Осы тұста тығырыққа тірелген Ресей патшасы бірінші Александр қазақ хандарынан көмек сұраған. Міне, қараңыз, орыс империясының Қазақ Ордасына деген басқыншылық саясат ұстануына қарамастан, үш жүздің хандары өзара ақылдаса келіп, халық мүддесін ойлап,



әскери көмек беруді шешкен. Өйткені, жасырағы жоқ, қазақ хандығы Ресейге экономикалық жағынан мүдделі еді, әсіресе, сауда-саттық байланысыз ісі алға баспасы анық болатын. Бірақ, Ресейдің де Қазақ Ордасына мүдделі болып, күні түскендігіне осы француз басқыншылығы айқын дәлел болып тұрғандай.

Отаршыл жүйенің қиянаты

Қазақ Ордасы жағынан осы шайқасқа 92 мың қазақ жауынгері қатысты. Көптеген тарихи деректерде, олардың нақты қазақтар деп көрсетілмей келуінің басты себебін жоғарыда ұқтырғандаймыз, ол ең алдымен, орыс империясының өзіншедігінен, өзге халықтың игілігін, жақсылығын қасақана елемейтіндіктен туындаған жағдай. Екінші бір үлкен себеп, сол кездегі есеп бойынша, әлгі орыс әскері құрамына енген қазақтар Ресей әскері құрамында қайта жасақталғанда, башқұрт полкі, Орынбор полкі, Түркі әскерлерінің полкі болып құрылыпты. Бұларды өздері «жабайы кавалерия» деп атапты. Мұның әдейі жасалған, жасалмағандығына кепілдік бере алмаймыз. Орыс қолбасшысының дәл сол сәтте не саясат ұстанғандығын кім білсін, дегенмен, тарихи құжаттар солайша тіркеліп кете берген. Оның үстіне, орыс патшалығы ескі замандардан, тіпті, империя ретінде күшейіп, бел ала бастағаннан-ақ, Қазақ Ордасына сенімсіздік танытып отырған. Әрине, бұған басты себеп, арғы ғұн, сақ дәуірлерін былай қойғанда, Шыңғыс хан, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда дәуірлеріндегі ата-бабаларымыздың жер жарған атақ-даңқы екендігі сөзсіз. Оның үстіне, қазақ жерінің асты-үсті толған байлығына ежелден көз сүзіп келе жатқан империя, әрине, бұл елдің еңсесін көтеріп, өзімен таласар, күш теңестіретін деңгейге көтерілгенін қаламайды. Сол есеппен, біздің жұртқа тиісті деген тарихтың бәрі қатаң сүзгіден өткізіліп, немесе, қасақана жойылып отырған.

Халқымыздың ерікті-еріксіз осындай көш ілгері дамып кеткен алпайы елмен тағдыры қосақталып келуі де үлкен сорымыз болғандығын мойындауға мәжбүрміз. Ал бұл мәселе, қазіргі кезеңде, халқымыздың өткені мен бүгінін салмақтап, қолдағы бары мен қасиетін иінінде жоғалтқанын түгендер мезгіл жеткенде, тарихын қуалап, ізіне түскен ұрпақ үшін әжептәуір қиындық тудырып отыр. Солай екен деп қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. «Өткен болмай, бүгін жоқ» дейді халық. Өйткені, біз жоғалтқаны көп, өзгелерге есесін көп жіберген халық екенімізді естен шығаруға болмас. Ұрпаққа айтар кеңесіміз де осы орайдан табылуға тиіс...

Орыс-француз соғысы – тарихта айқын таңбаланып қалған ұлы оқиғаның бірі. Оның үстіне, ол орыс әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің жауһары, інжу-маржаны саналатын Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясының сюжетіне еніп, мәңгілік өшпестей адамзаттық жетістік – әлемдік қазынаға айналды. Кейде, қазақтың ғасырда бір-ақ туатын біртуарларының кемеңгер келбетін сомдауға сол Толстой, Әуезов секілді әдебиет алыптары арамыздан шығар ма еді деп көксейсің. Дана халық қана даналарды өмірге әкеледі. «Алтын құрсақты ана» деген теңеуді қазақ қана айта алады. Өттең, соқыр күштерден, озбыр өктемдіктен тартқан теперіші көп халықпыз. Қазақтың қасиетінің танылуы кемдік соғып жатқандай...

Сол орыс-француз соғысын орыстар қанша дәріптеп көрсеткенімен, олар бұл соғыста Мәскеуді тастай қашқаны анық. Олар француздарды, мейлі мойындағысы келмесе де айтуға тиіспіз, қазақтардың, сондай-ақ, түркі

тектес жұрттардың, татар, башқұрт халықтарының көмегімен ғана Мәскеуден қуып шығып, Парижге дейін өкшелеп, тықсыруға қол жеткізді. Және бұл орыс патшалығының толық жеңісі емес еді, француздар бұл соғыстан мәселі қайтқанымен, тарих аренасындағы үстемдігін сақтап қалғандығы анық. Сондықтан да әлемдік тарихта орыс қолбасшысы М.Кутузовтың аты қалған жоқ, Наполеон Бонапарттың есімі ғана. М.Кутузовты орыс арасында қана құрметтесе, Наполеон есімін әлем құрметпен атайды. Француз халқының даңқын шығарған перзенті ретінде де, мемлекеттік қайраткер ретінде де, әскери дарынды қолбасшы ретінде де ол биік тұр. Біз осыған дейін, тарихқа орыстық империялық мүдде тұрғысынан баға беріп келдік, сол көзқарасымыз әлі де болса өзгере қойған жоқ. Ал қазір отаршылдықтан қалған жалтақ, үркек көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Яғни, тарихымызбен бірге, сана-сезіміміз де серпіліп, тәуелсіз, жалтақтамайтын көзқарасқа бейімделетін шақ әлдеқашан туған. Тек соны сезінуіміз, соған бой үйретуіміз кемшін.

Орыстық империялық мүдденің асқынғандығы сондай, олар сонау ғасырлар қалтарысында ізі өшуге айналған француздармен соғыс тұрмақ, әлі ізі суымаған екінші дүниежүзілік неміс фашистерімен болған соғыстың өзін орыстың жеңісі деп түсіндіруден тартынбайды, бүкіл одақ елдерінің бұл ортақ жеңіске атсалысқанын мойындағысы келмейді. Осы өзіншіл пиғылмен рейхстагқа ту тіккен Р.Қошқарбаевтың ерлігін мойындамады, екі орыстың біріне беріліп жатқан батыр атағын қимады. Ал олардың Бауыржан Момышұлының тарихта өшпестей із қалдырған ерлігіне көз жұмып, көпе-көрнеу жасаған қиянаты туралы жеке бір эпопея жазуға болар еді. Әрине, батыр атамыз олардың алдында жіптіктің мінез көрсетіп, орыс қолбасшыларының тілін табуға тырысып, жағымпаздыққа салынса, сол империялық өктемдік ұстанғандардың қызғанған атағына қолын жеткізуі де әбден мүмкін еді. Бірақ, қанымен бірге біткен тектілігі батырды ондай қорлыққа жібермеген. Түсіне білгенге осының өзі ұлы қасиеттің сипаты емес пе? Бірақ, ең бастысы қарапайым халық Баукеңді батыр ретінде таныды, қазақ арасы түгілі, орыс жұрты, тіпті, бүкіл әлемде оның бейнесі аңыз болып тарайды.

Ерлікті елемей – ессіздік

Куба президенті Фидель Кастро оның ерлігінің алдында басын иіп, еліне құрметпен шақырса, өз әскеріне қазақ батырының дәрісін тыңдатыса, оған толық негіз бар еді. Өттең, осындай ұлы қасиеттердің империялық өзіміздікке қор болғанына қыжылауымыз. Баукең де осыны жақсы түсініп, соқыр дүлей күшпен айтысып-тартысуды бойына ар көрген, басын имеген қалпы көз жұмыпты. Міне, қазақтың жоғала бастаған тектілігін осындай біртуарлықтан танып-біліп, ұрпағымызға өнеге қылсақ, лайықты-ақ болар!

Ал сол батыр Баукеңнің, даңқы жер жарған дивизия командирі Бауыржан Момышұлының ержүрек ата-бабаларының сонау орыс-француз соғысында арғымақтарын ойқастатып, Наполеон әскерлерін Мәскеуден Парижге дейін өкшелеп қуып барғанын білеміз бе? Сөзіміз негізсіз емес, батыр Баукеңнің ата-бабаларының жұртынан, яғни, Ұлы жүзден бұл соғысқа 50 мың адам қатысты. Жалпы соғысқа қатысқан 92 мың қазақтың жартысынан астамы Үйсін-Дулат жұртынан болса, Кіші жүзден 30 мың, Арғыннан 12 мың жауынгер қатысыпты деген дерек жиі кездеседі. Бұл деректерді жоққа шығаратын қарама-қайшы көзқарастар

да баршылық екенін айтуға тиіспіз. Мысалы, тарих ғылымының докторы, профессор З.Қабұлдинов: «Ұлы жүз руларынан 50 мың адамның бұл соғысқа қатысуы мүмкін емес, өйткені, ол кезде патшалық Ресейге тәуелді емес еді, және ел ішінде бұл кездерде отаршылдық саясатқа наразылық күшейіп тұрған» дейді. Бұл пікірдің де жаны бар шығар, Сырым Датұлының көтерілісінің ізі де суымаған уақыт, қазақ елінің әр тұстарында отарлаушылық өктемдікке наразылықтар жиі-жиі бой көтере бастаған. Дегенмен, ортақ мүдделі қарым-қатынастар да жоқ емес еді, патшалық Ресейдің Қазақ Ордасымен ертеден тығыз байланыс орнаттып келгенін қалайша жоққа шығарамыз?

Мәселе, тек тәуелді, тәуелсіздікке тіреліп қалмаған шығар. Аса көңіл бөлетін маңызды мәселе, қазақтардың бұл соғысқа қатысуы империялық өктемдіктен туындап отырған жоқ, екі елдің өзара келісімімен болған жағдай. Қайта Ресей кішірейіп, басына күн түсіп, қазақ хандарынан көмек сұрап отыр емес пе? Әрі бұл әрекетте Қазақ Ордасының әлеуетін, шама-шарқын мойындаушылық та бар. Өйтпесе, расын айтқанда, ол тұстағы Ресей кімге басын иетіндей еді жұрт еді? Осындай абыройлы биігімен барып, ерлік көрсетіп, соншалықты деңгейдегі алып елдің жауыншы бегін тойтарып берсе, керісінше, мақтаншыл тұтар жөніміз бар шығар.

Орыстардың француз әскерінен ойсырай жеңіліп, қазақ және өзге түркі тектес «жабайы кентаврлар» деген атақ ие болған әскердің арқасында француздардың бетін зорға қайтарып, өз елдеріне дейін тықсырып қуып баруына себепкер тағы бір маңызды фактіні ескермей кетуге болмас. Қазақ хандары Александр бірінші патшаның өтінішімен соғыс шығындарының орнын толтыруға және әскерді соғысқа жарамды таңдаулы ат, азық-түлікпен қамтамасыз етуге көптеп көмектескен. Дәл сол соғыс үстінде осының бәрі шешуші маңызды фактор саналғанымен, астамшыл империя түпкілікті мақсатына жетіп алғаннан кейін мұның бәрін ұмытқан, немесе, өз тарихына көлеңке түсіруі мүмкін мағлұматтарды саналы түрде жойып отырған, яғни, ұлы орыс империясының абырой-беделіне нұқсан келмеуін ойластырған...

Өзгелердің жақсылығын, адалдығын қасақана елемей, өзеуреген менменшілдік – Ресей отаршыларының қашанғы әдеті, елдік ұстанымы болып келгені белгілі. Кейінгі пайда болып жатқан деректерде, тіпті, қазақ жауынгерлерінің осы шайқастар үстінде қай елдімекен, қала, деревняларды азат етуге қатысып, патша тарапынан қандай марапаттауларға ие болғанына дейін келтірілуде. Біз бұл мәселелерді тарихшылар еңісіне қалдырайық, тек айтарымыз, ел тарихының нақтылана түсуі, күннен-күнге айқындалып келе жатқаны ортақ қуанышымыз, елдігіміздің туының асқақтауы, ұрпағымыздың мерейінің көтерілуі деп ұғамыз, осының өзі шексіз шаттық сезіміне бөлейтін жеткізгіміз келеді.

Ал енді, қай соғысқа қандай рулардың қатысқандығы империя үшін маңызды болмаған шығар, ал қазақ тарихы үшін аса маңызды деп білеміз. Ата-бабалың кім екенін, қандай ерлік жасағанын білмеу өз тегін танымаған тексіздікке жетелейді. Өзгеге құлдық ұру, басқаның қасиетіне бас ұрып, табыну осындай шығатынын тарихымыз әлдеқашан дәлелдеген. Ақ патшаға табынған, Ленинге, Сталинге құлдық ұрып, әулиедей табынған замандарды бастан кешкеніміз бүгінде жасырын емес...

Тегінді тану жікшілдік

емес

Өз ата-бабаңды тануың – жікшілдігің емес, тамырыңның тереңде

жатқандығын білуге деген талпынысың, тегінді тануға ұмтылысың болмақ. Осыны аға буын өкілдері, біздер, кейінгі ұрпаққа ұқтырып, ара жігін айырып, түсіндіріп отыруға мүдделіміз. Мұны біз айтпасақ, ұрпағымыз кім екенін түс көріп білер ме? Тек түпкі мұрат – алаш баласына ортақ қазақтық мүддеден айырылып қалмасақ болғаны. Және қосарымыз, жоғарыдағы мағлұматтар осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының соңғы нәтижесі болмауға тиіс, бұрынғы отар елдердің тарихының көмбеде қалып келіп, енді жарыққа шығарыла бастауында заңдылық бар, олардың жалғаса беретіні сөзсіз.

Ендігі бір маңызды мәселе, бұл соғыс туралы деректерді қазақ-орыс архивтерінен іздеудің өзі аздақ ететіндей. Тарихшыларымыздың дәлелдеуінше, француз елінен қазақ жауынгерлерінің сол соғысқа қатысуы туралы маңызды деректер табылған. Мәселен, Наполеонға мәлімдеме жолдаған француз генералдарының бірі Роберт: «Орыстар бізге қарсы моңғолдар тобын жіберді. Былғары тон киіп алған бұл адамдар қорқуды да, мейірімділікті де білмейді. Олар қатты ұрандатып қарсы шапты.../Автордан: бұлардың қазақтар екенін осыдан-ақ аңғаруға болар. Қазақтардың не «Абылайлапты» хандарының атымен, немесе, батырларының әруағын шақырып ұрандатып, ұрысқа кіретіні, осылайша жаудың құтын қашыратыны белгілі. Тіпті, ядролардың жарылысы да оларды қорқыта алмады. Олар өздерінің негізгі қару-жарағы ретінде садақ пен жебені пайдаланады. Олар біздің зеңбірекшілеріміздің басын көтертеді. Бұл адам сенбестей, мүмкін еместей жағдай болды. Бізге бұл баяғы Шыңғыс ханның әскерлері жер астынан шыға келгендей қорқыныш тудырды» деп жазыпты. Тағы бір осындай француз қолбасшысының мәлімдемесінде: «Орыс әскерлерінің құрамында болған жабайы азиаттардың қимылдары орасан. Қолдарындағы қарулары қарапайым, садақ, найзалар ғана болғанымен бет қаратпайды. Мергендіктері сондай, жауының осал жеріне, көзіне, айтпесе, басқа бір нәзік жерлеріне дәл тигізеді...» Міне, осы, белгілі себептермен, орыс, француз тарихында, біресе, «жабайы азиаттар», енді бірде «жабайы кентаврлар», болмаса, сонау ескі дәуірдегі Шыңғыс ханның әскерлерін елестетіп жүрген сарбаздардың қазақтар екені күмән тудырмайды. Олардың тарихында қазақ әскерлерінің жабайы сипатталатынын намыс қылар да жөніміз жоқ, әрине, ол кездегі қазаққа орыс пен француздың соғысқа арнайы тіктірген әскери әдемі мундирлері қайдан келсін. Бірақ, ең жағайы, осы қазақтар мен олармен бірге жүрген бауырластарының үстіне киген киімі, жасанған сауытына дейін жауға үрей тудырып, құтын қашырыпты. Осыны ескерген ақылды Наполеон мен оның қолбасшылары кейінірек өз әскеріне осындай сауыт, киімдер кигізіп, түрлі соғыс қимылдарында пайдаланғаны туралы деректер де кездеседі. Осының бәрі біздің тарихымызды тани түсу үшін маңызды деп ұғамыз.

Тарихты түгендеу – тарихшыларға сын

Тек, дәл қазақ атауымен аталмағандығы болмаса, орыс армиясына қосымша күш берген, француз әскерінің үрейінің ұшып қашуына себепкер болғандардың кім екенін біздің отандық тарихшыларымыз да, негізгі соғысушы екі үлкен империялық елдің тарихшылары да айқындап, болжаған секілді. Бір жағдайды ұмытпауымыз керек, қай елдің де тарихи ұстанымында империялық өзіміздік мүддесімен бірге, халықтық ортақ мүддесі танылады. Ал сол халықтық мүддеден сүзгіден өткендей сүзіліп әділетті тарих ертелі-кеш бетіне қалқып шығады. Мысалы, патшалық Ресей өз тұсындағы империялық зорлықшыл, отаршыл қоғамды қаншалықты сүттен ақ, судан таза етіп көрсеткісі келгенімен, Пушкин мен Лермонтовты, Белинский мен Гоголы, Толстой мен Чехов секілді алдыңғы қатарлы, дана шығармашылық өкілдері оның сантүрлі былығын ашып, әшкерелегендігі белгілі. Яғни, империялық өзіміздік пен халықтық демократиялық мүдде екі бөлек ұғым екендігін айыру маңызды екендігі сөзсіз.

Тарихты танығанда, парасатты ой мен көрсөкер өзіміздіктің аражігін ажыратып, салмақты тұжырымды түйін түйе білу, арлы ақиқатқа жүгінуге – алаш баласының елдік мүддесіне айналуына ұмтылысы мен талабының нәтижесі болмақ, ұрпағымызды осыған бағыттау үлкен мұратымыз. Тарихи көзқарас та тек империялық үстемдікке тәуелді болып қала алмаса анық. Міне, соның жарқын бір дәлелі ретінде қазақ тарихы да өзінің шынайы болмысын тауып, елдігіміздің биік тұғырын көтере түсуде.

Досқан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

МИНБЕР

Даулардың сотқа дейінгі реттелуі – тараптардың іскерлік, достық және туыстық қарым-қатынастарын сақтай отырып, туындаған келіспеушіліктерді сот органдарының қатысуынсыз шешуге бағытталған әрекеттерді қарастыратын, туындаған жанжалды реттеудің тиімді және мәдениетті құралы болып табылады.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА - ДАУСЫЗ ТАЛАПТАРДЫ СОТ ОТЫРЫСЫНСЫЗ РЕТТЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТӘСІЛ

Атқарушылық жазба борышкерден өндіріп алушыға тиесілі белгілі бір ақша сомасын өндіріп алу немесе өзге жылжымалы мүлікті талап ету туралы нотариустың өкімін білдіреді. «Нотариат туралы» заңның 34-бабының 15-1) тармақшасына сәйкес атқарушылық жазба нотариустар жасайтын нотариаттық әрекет түрлерінің бірі болып табылады.

Борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін нотариустың тиісті белгі қойылатын, берешекті белгілейтін төлнұсқа құжат көрсетілген кезде бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы электрондық түрде атқарушылық жазба жасайды. Атқарушылық жазба негізінде мынадай даусыз талаптар бойынша берешекті өндіріп алу жүргізіледі:

- 1) нотариатта куәландырылған мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы, оның ішінде осы заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда нотариус сотқа дейін реттеу тәртібімен куәландырылған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;
- 2) орындау мерзімі басталған және міндеттеменің орындалмағанын борышкер мойындаған, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген наразылыққа жауапта мойындаған, жазбаша мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы;
- 3) нотариус жасаған, төлем жасалмауына, ақцептін болмауына және акцепт күнінің белгіленбеуіне вексель наразылығына

негізделген міндеттемені орындау туралы;

4) лизинг шартына немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лизинг нысанасын талап ету туралы;

5) ломбард кепіл беруші-борышкерге қойған, кредитті қайтару мерзімі өткен соң кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану туралы;

6) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы заңының 42-1-бабы 2-тармағының 6-1), 9), 10), 12) және 12-1) тармақшаларында айқындалған төлемдерден жалтаратын пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы;

7) төлеу мерзімі басталған, жария шарттар негізінде нақты тұтынылған көрсетілетін қызметтер (электрмен, газбен, жылумен, сумен жабдықтау және басқалары) үшін, сондай-ақ өзге де шарттар негізінде белгіленген тарифтерге сәйкес көрсетілетін қызметтер үшін берешекті өндіріп алу туралы;

8) жалдау төлемдерін жалдау шартында белгіленген мерзімдерде төленбеуіне байланысты өндіріп алу туралы;

9) қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақыны және өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы, оның ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы аударымдарын өндіріп алу туралы;

10) партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған, дауларды реттеуге қатысты келісімдерді орындау туралы.



А. НАЗАРҚҰЛОВА,
Темір аудандық сотының
төрағасы

Егер тұрақсыздық айыбы (өсімпұл), пайыздар тиесілі болса оларды өндіріп алу, банк заемдарын қоспағанда, борышкер орындамаған міндеттемені жазбаша мойындаған кезде атқарушылық жазба негізінде жүргізіледі.

Атқарушылық жазбаны жасау, егер шартта тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды), пайыздарды өндіріп алудың өзге тетігі көзделмесе, борышкер орындамаған міндеттемедегі кінәсін мойындаған фактісін нотариус растаған кезде жүзеге асырылады. Атқарушылық жазба екі шарт сақталған кезде жасалуы мүмкін. Ол үшін ұсынылған құжаттар берешектің немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігінің даусыз екендігін растауы және талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыттың өтуі. Өзге ескіру мерзімі белгіленген талап үшін атқарушылық жазба осы мерзім шегінде беріледі.

Яғни, қолыңызда борышкердің қарыз екенін дәлелдейтін нақты құжатыңыз болса, әрі құқығыңыз бұзылғанына үш жыл мерзім өтпесе қарызыңызды өндіріп алу үшін сотқа жүгінбей-ақ нотариустан атқарушылық жазба алуға болады. Бұл жерден нені байқауға болады, нотариустың атқарушылық жазбасы – даусыз талаптар бойынша сот отырысынсыз дауды реттеуге бағытталған тәсіл. Міне, осы ерекшелікке назар аударғым келеді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

КИЕ

ҚАЗАҚ ҚАЗАҚПЕН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕССІН!

Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық, халықтың болмысы, тамыры, қатынас құралы. Қазағымыздың қазақ болып сақталуы тілдің ұмытылмауына, ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз жалғасуына байланысты.

Қазақ елінің тәуелсіздігін алғанына 30 жылдан асса, тіл туралы заңымыздың қолданысқа енгізілгеніне 33 жылдан асты. Осы жылдар ішінде қазақ тілінің хал-ахуалы қандай болды? Осыдан 33 жыл бұрын – 1989 жылы 22 қыркүйекте «Тіл туралы» заң қабылданған болатын. Аталған заңда Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі болып қазақ тілі, ал орыс тілі – ұлтаралық тіл деп бекітілген еді. Тәуелсіздік алған соң Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені Ата Заңымызда, «Тіл саясаты туралы» тұжырымдамада, «Тіл туралы» заңда көрініс тапты.

Дегенмен, еліміз 250 жылдан астам уақыт бойы Ресейдің ықпалында болды. Сана мен ойға сіңген орыс тілінен қазақ тіліне көшу, әрине, оңайға соқпады. Егемендікке қол жеткізген тұста іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу, оның қолданыс аясын кеңейту сынды проблемалар көлденең шықты. Орын алған мәселені шешу жолында «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» жарық көріп, ауқымды жобалар шеңберінде мемлекеттік органдар іс қағазын түбегейлі қазақ тілінде жүргізуге көшті. Сонымен қатар, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бұл бастамадан сот корпусы да қалыс қалған жоқ. 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты төрағасының өкімі негізінде республика соттарында іс жүргізу толықтай мемлекеттік тілге көшірілді.

Қазақстан Республикасының

заңнамасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі, қажет болған жағдайда қазақ тілімен қатар, орыс немесе басқа тілдер қолданылатындығы көрсетілген. Бұл сот ісін толықтай мемлекеттік тілде жүргізудің тек судьяға байланысты еместігін көрсетеді. Негізінен қазақ тіліндегі істердің пайыздық көрсеткішінің артуына азаматтық істе қорғаушының немесе өкілдің, қылмыстық істе тергеушінің рөлі үлкен. Бұған қоса, кез келген салада мемлекеттік тіл мәртебесінің артып, өрісінің кеңеюіне ең алдымен қарапайым азаматтардың өздері мүдделі болуы тиіс. Әсіресе, «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессе» біраз мәселе оң шешімін табар еді. Өкінішке орай, сотқа келіп түсетін талап арыздар мен істер қазақ тіліне қарағанда, орыс тілінде басым. Бірақ сот жүйесі тарапынан мемлекеттік тілді үздіксіз насихаттау нәтижесінде жылдан-жылға қазақ тілінде қаралатын істердің үлесі өсіп келеді. Статистикалық көрсеткіштер болашақта қазақ тілін қолдану деңгейінің жоғарылайтындығына сенім ұялатады.

Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданылған халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше. Сондықтан өз тіліміздің жырын өзіміз жырлап, оның мәртебесін өзіміз көтеруге тиіспіз!

М.КУПЕНОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының басшысы

ТІЛ - ТОЗБАЙТЫН МҰРА

Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығы, даму құралы, ұлттың ұйытқысы, мақтанышы. Тіл қай елде, қай ұлтта болсын – қастерлі, қасиетті, құдіретті. Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызы мен салмағы күн санап арта түсуде. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тілінді білуден басталады. Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең

бай, көркем тілдердің бірі. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттар тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұраның бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады», – деген. Тілі әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өз ана тілін көзінің қарашығындай сақтауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруы тиіс.

А.АЛИМАНОВА,
Маңғыстау облысы Қарақия аудандық сотының бас маманы

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘЖІ

Егемендік алып, тәуелсіздік тәжін кигелі отыз жылдан аса уақыт өтіп, еліміз түпкілікті жаңару үдерісін бастан өткерді. Біз төл тарихымызды қастерлеп, мемлекеттімізді нығайтып, әлемдегі алпауыт елдердің санатына енуді мақсат еттік. Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен қастерлі мұрамыздың бірі – бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы, мемлекетіміздің тұғырлы тірегі, өткені мен болашағының айқын көрінісі, мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі.

Тіл болашағының жарқын болуы – саналы да қуатты жастардың қолында. Жас буын еліміздің иесі, тілдің жанашыры екенін естен шығармағаны жөн. Себебі, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Әр халықта тіл сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы ғана емес, өзге елдердің алдында дәрежесін айқындап, тарихынан хабар беретін, еңсесін биік көтеріп, болашағына болжам жасайтын қастерлі де қасиетті тұғырлы қаруы екені мәлім. Егер мәңгілік ел боламыз десек, өз ана тілімізді бірінші орынға қоюымыз керек, ал қалған тілдерді елімізді дамыту жолында, өзге де алпауыт елдермен тәжірибе алмасу мақсатында үйреніп, өз елімізде озығын алып, пайдамызға жаратуға тиіспіз.

Алайда, кейбір азаматтарымыздың тілді игеруге асықпайтыны, сол ежелгі таптаурын болған қағидаттардан арыла алмай жүргені шындық. Ал болашағымыздың қазақ тілімен байланысты екендігін ескерсек, тіл төңірегіндегі кемшіліктерді түзеу әрбір еліміз азамат үшін ағартушы қарап, айналып өтуге келмейтін мәселе.

Әр адамның азаматтық қасиеті – салт-дәстүрін сақтауымен, өзінің туған жерін, атамекенін сүйемен, өзінің ана тілін білуімен өлшенбек. Біліп қана қоймай, күнделікті тұрмыста қолдану аясын кеңейтіп, тілге деген жанашырлық сезімінің болуынан көрініс табады. Ендеше, татулық пен тұрақтылықтың негізінде болған туған тіліміздің тұғырлы, тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болуы үшін баршамыз тіл мерейінің жоғарылуына атсалысуымыз қажет.

А.САБИРОВА,
Ақмола облысы Әділет департаменті
әкімшілік бөлімінің жетекші маманы

ЖЕГІҚҰРТ

Қазақстан – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдаған және осы мәселе бойынша халықаралық конвенцияға мүше болған ТМД елдерінің ішіндегі алғашқы мемлекет. Елімізде жемқорлыққа қарсы қабылданған жарлық пен бағдарлама, атқарылып жатқан жұмыс баршылық. Соған қарамастан бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық – үлкен әлеуметтік қасірет болып табылады және саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатып отырғаны анық. Кеселді жою үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда, азаматтар адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Ол үшін жастарымыз сыбайлас жемқор-

өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімнің болмауына байланысты, азаматтар парақорлық пен жемқорлықтың қатысушысы болып қалады. Мемлекет пен қоғам тығыз қарым-қатынаста болғанда ғана сыбайлас жемқорлыққа төтеп бере аламыз. Сондай-ақ, стратегияда сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал адалдық пен сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналу керек.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жемқорлық – мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы, жетістіктерді жоққа шығарудың, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндірудің төте жолы. Сондықтан, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын болмауы керек.

Б.КАЛАКОВА,
Батыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
жетекші маманы

ТАРАТУ

- 4. «Ғылыми-стратегиялық зерттеу орталығы» қоғамдық қоры (БСН 210140035673) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Желтоқсан көшесі, 21 ғимарат, 407 кенсе.
7. «TL Auto» ЖШС, БСН 221140035519, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Шевченко көшесі, 165Б үй. Тел.: 8709082008.
8. «Максат-19» ЖШС, БСН 190640022663, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Ақмола обл., Қорғалжын ауд., Қорғалжын ауылы, Әлия Молдағұлова көшесі, 61 үй, индекс 021300. Тел.: 87751283017.
9. «KOKE logistic» ЖШС, БСН 220940041679, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Аспара көшесі, 1 үй, 55 пәтер, индекс 010000. Тел.: 87477023009.
10. «NUR KHASYM» ЖШС, БСН 190540003118, өзінің жабылатындығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда обл., Қазалы ауд., Әйтеке би кенті, Сұлтан Аманов көшесі, 44 үй. Тел.: 87011121072.

ӘРТҮРЛІ

- 2. «НИМЭКС-ТРАНС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Серіктестіктің жалғыз қатысушысының шешімімен жарғылық капиталдың 1 158 900 000 (бір миллиард жүз елу сегіз миллион тоғыз жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, «Сулеу» ықшамауданы, Зерде көшесі, 45.
13. Жамбыл облысы, Тараз қалалық соты ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 82 үй, 40 пәтерде тұратын Пак Алевтина Викторовнаның 1929 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген азамат Тә Чу-Нуды қайтыс болған деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Тә Чу-Нудың қайда жүргенін білетін тұлғалардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Тараз қалалық сотына судья А.К. Калкабаеваға хабарласуын сұраймыз.
15. «Qazcapital construction» ЖШС, БСН 150740017326, өзінің «СпецСтройРемСервис» ЖШС-не, БСН 110840015990, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Гурьевская көшесі, 112, тел.: 87073731447.
16. «СпецСтройРемСервис» ЖШС, БИН 110840015990, өзіне «Qazcapital construction» ЖШС-н, БСН 150740017326, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Гурьевская көшесі, 112, тел.: 87073731447.
20. «СырдарьяНефтеСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 071040006152, өзінің Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 5 үй, 403а кенсе мекенжайы бойынша орналасқан «Caspien Oiltech Services» (Каспиан Ойлтек Сервис) жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 041240003942, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық өтініштер 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Жібек жолы-3 тұйық көшесі, 5 үй, инбехс 120014.

21. ТР, АНҚАРА, 23-ОТБАСЫ СОТЫ Саны: 2021/89 Негізгі 06.03.2023 ж. Тақырыбы: ХАБАРЛАМА МӘТІНІ
ХАБАРЛАМА МӘТІНІ
Талапкер НҰРХАН ҚАРАҒӨЗ және жауапкер ТҰРАН ҚАРАҒӨЗ арасында сотымызда қаралып жатқан ажырасу туралы іс бойынша:
Жауапкер Тұран Қарағөзді хабардар ету мүмкін болмағандықтан және оның тұрғылықты жерін, тіркелген жерін және жұмыс орнын барлық тереулерге қарамастан анықтау мүмкіндігі болмағандықтан, АІЖК 122, 127 және 128-баптарына сәйкес, Берілген негізделген шешімге сәйкес:
ҮКІМ: Жоғарыда түсіндірілген себеп бойынша: Істі ҚАБЫЛДАУ және,
1-ТОҚАТ облысы, МЕРКЕЗ ауданы, ТАХТУБА ықшамауд./ауылы, 142-том, Отбасы кезек №47, кезекке тіркелген, АЙВАЗ және ИЛКНУР қызы, 26.11.1974 ж.т., ТР куәлік №40969449960 НҰРХАН ҚАРАҒӨЗбен бір жерде және бір кезекте тіркелген, ҚАСЫМ және ҰРХУЧ ұлы, 04.03.1974 ж.т., ТР куәлік №41032447814 ТҰРАН ҚАРАҒӨЗ ТАК-нің 166/1. бабына сәйкес АЖЫРАСАДЫ,
2- Тараптардың ортақ баласы 14.12.2002 жылы туылған Танай Утқу, сот талқылауы барысында көмелеттік жаста болуына байланысты қорғанышылық туралы шешім қабылдау қажеттілігі болмады,
3- Ортақ бала Танай Утқу үшін сотқа жүгінген күннен бастап 500,00 ТЛ ай сайынғы алимент көмелеттік жасқа толғанға дейін (14/12/2020) жауапкерден өндіріп алынады және талапкерге беріледі, артық соманы талап етуден бас тартады,
4- Талапкердің алимент өндіру туралы өтінішін қабылдаумен, талапкер үшін сотқа жүгінген күннен бастап 1000,00 ТЛ ай сайынғы алимент белгіленеді, жауапкерден сол мөлшерде алимент алынады және шешім аяқталғаннан кейін талапкерге кедейлік алименті ретінде беріледі, бұл алименттің шешімінің

аяқталуынан бастап Тефеңіз орташа мөлшерлемесіне көбейту арқылы жалғасады,
5- Талапкер әйелдің қаржылық өтемақы туралы өтінішін ішінара қабылдағаннан кейін шешім түпкілікті болған кезде жауапкерден 30 000 лира ақшалай өтемақы алынады және талапкерге беріледі және артық ақша туралы талап қабылданбайды,
6- Талапкер әйелдің моральдық өтемақы талабы ішінара қабылданып, шешім түпкілікті болған кезде, жауапкерден 30 000 лира моральдық өтемақы алынады және талапкерге беріледі және артық ақша туралы талап қабылданбайды,
7- Бастапқыда алынған 44,40 лираға қосымша шешім шығарылған күні алынуы тиіс 179,90 лираны шығару үшін, қалған 135,50 лираны жауапкерден алып, қазынаға кіріс ретінде есепке алынады,
8- Талапкер бұл жағдайда өзін сенімді өкілі арқылы ұсынғандықтан, шешім шығарылған күнгі ең төменгі адвокаттық алым тарифіне сәйкес жауапкерден 9 200 лира адвокаттың ақысы алынады және талапкерге беріледі,
9- Талапкердің тарапынан осы іс бойынша жасаған 3,034,77 лира сот шығындарын, 44,40 лира бастапқы жарнаны, 44,40 лира өтініш ақысын және 6,40 лира адвокаттың ақысын қосқанда барлығы 3,129,97 лира шығынын жауапкерден алып, қазынаға аннуитет жазылады,
10- Файлда заң көмегі туралы шешім болғандықтан, өтініш ретінде жауапкерден 2.184,16 лира алынады және қазынаға аннуитет жазылады,
Талапкердің адвокаттына қатысты шағарылған шешімге қатысты олар негізделген шешімді өздеріне хабардар еткен күннен бастап екі апта ішінде апелляциялық процеске жүгіне алатыны анық оқылды, тиісті түрде түсіндірілді, - деп ҮКІМ БЕЛГІЛЕНДІ.
Хабарлама туралы заңның 31-бабына сәйкес хабарландыру жарияланған күннен кейін 7 күн өткен соң хабарланған болып есептеледі және хабарламаның орнына жарамды деп хабарландыру арқылы хабарланады.

24. «Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ-нен (БСН 101240000941) «Жамбыл ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-сін бөліп шығару жолымен; «Жамбыл ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ-сі «Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-не қосылу жолымен «Жамбыл ауданының кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» ММ болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар тиісті заң талаптарына сәйкес, хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қаралады және мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі, 117 В үй. Байланыс телефондары: 8(72770)21836, 8(72770)21776.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ: Алматы қаласы Тел.: 8(727) 292-43-43, 8 (708) 929-98-74 E-mail: zanreklama@mail.ru zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР: ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisuity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кенсе. ЖК «Media page kz» Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кабинет. ZANGAZET.KZ Телефон/WhatsApp 8 707 388 40 80. ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кенсе. Тел/WhatsApp 8 707 280 09 12. «KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalduybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру туралы шешім бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86. «Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс). «Назар-1» фирмасы ЖШС «РУТА» ЖА, директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133. ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71. Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701 «Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538. «ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04. Қалиасқаров Нұрлан Нұрсисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59. ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77. Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918. «Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы. ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, 9-бөлме, е-mail: zan-at@mail.ru. «Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05. «Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru. Тел.: 87058762218. «Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221. ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21. «Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78. ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939. ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13. ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Таяныа. ЖК «Выйдай» Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды
Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары
1. Орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны, негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген кәсіпорынның атауы: «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қаласы, Кабанбай батыр даңғылы, 43 мекенжайында орналасқан, тел.: 8 (7172) 70-25-75, 8 (7172) 70-25-95. Кәсіпорынның негізгі қызметі спорт шеберлігін арттыру үшін спортшылардың жыл бойындағы орталықтандырылған даярлығын ұйымдастыру және өткізу болып табылады.
2. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары: Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; Мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.
3. Лауазымдық міндеттері: Қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ, оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бері отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды; ұйымның саясатын, стратегиясын және оның іске асыруын тетіктерін айқындайды; оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді; педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды; ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді; барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ, олардың қызметін жоғары жетістіктерге спортты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды; жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау денгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шетелдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды; лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады; қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті

жағдайларын жасайды; тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады; ұйымның бірінші жақнақты зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банкердің қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ, шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.
4. Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; педагогика, психология және физиология негіздерін; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды.
5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурстық өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады: 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме; 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4) білім туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшаларымен); 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтар көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама; 6) № 075-у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; 7) жеке куәліктің көшірмесі; 8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер (кандидат Е gov арқылы алады). Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ, бұрынғы жұмыс орнының басшылығына ұсынымдар) ұсына алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде: 2023 жылғы 11 тамыздан бастап 25 тамызды қоса жүзеге асырылады.
6. Конкурстың өтетін күні мен орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, онлайн форматта. Өңгімелесу күні конкурсқа қатысушыларға қосымша хабарланады. Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, 314 қаб. Тольк ақпарат алу үшін байланыс телефондары: +7 (7172) 74-02-52, 74-05-66.

3. «Микрокредиттік ұйым PENGAR Т» ЖШС (БСН 200940004234) ҚР Қаржы нарығын зерттеу және дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішін ерікті түрде жүргізіні туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан с/о, Құлан ауылы, Амангелді көшесі, 1А ғимарат, пошталық индексі 080900.

6. «ҚАЗАҚСТАН АВТОРЛАР ҚОҒАМЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІң ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ «Қазақстан Авторлар қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Авторлық кеңесінің мүшелері қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 24 сәуірдегі жұмысын жалғастыратынын хабарлайды. Қосымша жалпы жиналыстың өткізілетін күні – 2023 жылғы 15 тамыз. Бұған дейін 2023 жылдың 10 тамызында қосымша жалпы жиналыс өткізілетіні жарияланған болатын. КҮН ТӨРТІНДІДЕ:

- 1. Қоғамның Жарғысын жаңа редакцияда бекіту.
2. Бас директорды сайлау.
Жалпы жиналыстың өткізу нысаны – аралас: күндізгі, сырттай және қашықтықтан.
Өтетін орны: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105, Қазақстан Жазушылар Одағы.
Тіркеудің басталуы – 14:00 сағат. Жиналыстың басталуы – 15:00 сағат.
Жалпы жиналыстың сайлау тізіміне енгізілген қоғам мүшесі дауыс беру құқығымен «Қазақстан Авторлар қоғамы» РҚБ-ның сайлаушысы болып таылады.

МҰРАҒЕРЛІК

12. 17.02.2023 ж. қайтыс болған аз. Әділбек Нұршаттың артынан мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер және барлық мүдделі тұлғалар нотариус С.А. Жұмадуллаеваға мұралық құқығын жүзеге асыру үшін жолығуын сұрайды. Мекенжайы: Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмірсіз ғимарат.

18. 29 қазан 2007 жылы қайтыс болған Егизбаев Абуталиптың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

19. 27.02.2023 жылы қайтыс болған Тұрлыханов Ақайдардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

25. 13 қыркүйек 2022 жылы қайтыс болған азамат Досқалиев Утеген Қайржановичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кенсе.

БАЙҚАУҒА!

Үстелдің оң қолы жағындағы бауы бұратылған ақ телефон шар ете қалды. Кішкентай төрт бұрыш плазмалық дисплейіне қарады да тұтқаны көтерген. Ондағы көрінген нөмірден министрліктен екенін біліп тұр.

Мына сөз төбесінен мұздай су құйып жібергендей әсер етті.

Соңғы кезде үрей иектеді, ешкімнен именбейтін басы, тіпті, өз үйіне кіруден тайынады. Кеше жолын тосып, алдынан тергеуші ұшырасты. Басқан ізін аңдып жүргенін түсінді. Қанша бейтарап көрінуге тырысқанымен, көзқарасынан айыптау ызғары білінеді.

Сонымен экс-министрмен бірлесіп, қанша қаржы жедіңіздер? – Қарперсіз қалпы, табалай жымиды.

Бір тиын да жеген жоқпыз! – Өңі қашып, сыздана қалды.

Ортақ табысты қалай бөлісіп тұрдыңыздар? – Көзін сығырайтып, иегін сәл алға ұмсынды.

Бұның жүрегі атқақтап кетті. Онысын аңғартпауға тырысып, полицияның жүзіне оқты көзін қадады.

Енді көшенің ортасында сұраққа ала беретін болғаныз ба? – Жанары сүзетін шамшыл өгіздің көзіндей шатынады.

Сіз күдікке ілінген кісісіз, сондықтан қолайлы жердің бәрінде сұрақ қойыла береді. – Ол да бедірейе шүйлікті. – Егер, бұлтақтасаңыз – мойныңызға тағы бір қылмысты іліп берем. Кісі өлімін ұмытпаңыз...

Беті сазарып, Бибі тілден айырылды. Бұдан әрі сөзін тыңдауға құлықсыз екенін ұқтырып, жанынан айналып өтті. Аяғын аннан бір, мыннан бір басып, үйіне тапырақтап қалай жеткенін білмеді. Телефон шалып, сыр бөлісетін де ешкім қалмады. Кешегі жылтырап жүргендердің бәрі жау болып кеткен.

Комодтың алдына сөмкесін қойып, енді көйлегін шешуге ыңғайланғанында смартфон «әндете» жөнелді. Беймәлім нөмірге бір қарады да саусағы сенсордағы жасыл шеңберді басты.

Сен қатын, менің байымды тартип алғаныңмен қоймай, ақыры өлтіріп тындың! – Әй-шәй жоқ шаптыға шыққан шарқая дауыстан жүрегі ұстап қала жаздады. – Балаларымның көзі жаудіреп жетім қалды! Ана сапалақ екеуің түбіне жеттіңдер. «Аққа – құдай жақ» қой, ақыры тұтқындалды, енді менің қос қолым жағанда кетеді!

Сіз кімсіз, не деп тұрсыз? – Діріл араласқан даусы сенімсіздеу. Кім екенін кү іші біледі.

Салдақы, күндесінде ұмытқан екенсің! Жердің тесігіне кірсең – шашыңнан ұстап суырып, көкке ұшсаң – бәшпайыңнан тартып алам! – Баялар үн құлағын жарып жібере жаздады, айнақ-ұйқайдан қорықпай салғыласа жөнелетін бұрынғы айбыны жоқ. Сондықтан қызыл шеңберді баса қойды...

Қаны миына шапшыды. Тез-тез киімін шешті де, ваннаға беттеді. Сәл іркілсе біреу ұстап алатындай асықты. Себезгіден салқын суды төбесінен ағызып, біраз бөгелді. Құйрығына шала байланғаны аян. Талай қатерден айналып өткен айла басы бұдан да шығуы тиіс. Бірақ бұ жолы қылмысы қоюырақ. Алайда оны жан баласына тіс жарып айтпайды.

Ас бөлмесіне өтіп, кофе әзірлеп ішкен. Кенет есіктің қоңырауы көкектің үніне басты. Ақырын мысықтабаңдай көзтесіктен қарады – ешкім көрінбейді.

Кім екен бұл? – Сауалына жан пенде жауап қатпады. Әрі-бері босағаның аузында бүгешектеп, қайта ас үйге беттеді. Сәлден соң қайыра қоңырау соғылды. Аяғының ұшымен барып, тағы да көзтесіктен қарады – бос кеңістікті көрді.

Бұл кім?! – Даусы жарықшақтана шықты. – Мен қазір полиция шақырамын, площадкідегі бейнекамера сені түсіріп тұр. Жердің тесігіне кірсең де, талпақ танауыңнан оп-оңай тауып алады! – Нық, табанды сөйлеуге тырысты. Алайда ешкім «ләм» демеді.

Енді қыпылы бар көңілге үрей араласты. Қорқа бастады. Ақылы апшып, бар тапқан амалы – қорғаушысына хабарласты. Абонентті шақырған мембранадағы үнді тыңдап тұрып, сау-сақтарының дірілдегенін, демалысының жиілегенін аңдады. Өлден уақытта «иә» деген таныс дауыс жауап қатты.

Самат, маған тұс-тұстан шабуылдаушылар көбейіп кетті. Біреуі, міне, есіктің аузында тұр. – Аптыға сөйледі.

Сабыр, сабыр... – Ар жақтағы адам өрекіпген көңілін басуға тырысты.

Тездетіп келмесең, өзіңнен басқа сенім артар ешкім қалмады.

Жыларман халдегі әйелдің сөзі үзіліп-үзіліп шықты. Қалталы бижеден алатын қаламақысы есіне түскенде, жігіттің жүрегі тыпыршыды.

Жауын жаумай су болып, алдын

метінен кеткелі күллі өмірінің мәнінен айырылғандай хал кешті. Оған соңғы бес-алты жылда елдің алдында, үлкен қайраткерлермен жақын жүргені, ақсары өңі алаулап, орталық теледидарлардан сұхбат бергені, үш жүз кісілік мекемені шырық үйіріп, уысында ұстағаны бәрі елес сияқты. Бақ деген сорлы бастан ұшқанда көзге көрінеді екен.

Қоңырау екі қайыра көкекше шақырды. Селк ете қозғалып, босағаға таянды.

Кім?.. – Мен ғой... – Қорғаушыны дауысынан таныды.

Бүйрек бет, мұртты жігіт табалдырықтан аттасымен әйелді құшақтап, кезекпе-кезек бетіне бетін үш мәрте тигізді. Бұл – соңғы уақыттағы қалыптасқан беқзадалардың амандасу мәдениеті.

Әйел мұнайыңқырап бөгелді. Көз нәлінде кірбіңнің кіреуекесі кілкіді. – Бір күні тағы Астанаға табан тіреді. Көңілі желпіне телефон соқты. «Үлкен қуанышым бар, өзіңмен бөліскім келеді» деді. «Онда кешке үйде күтеміз» деп, телефонды жауып қойдым.

Бибі сол уақыттың ауыр салмағын жүйкесімен сезіп, үн-түңсіз қалды.

... Үшеуі дастарқан басында отырды. Уақыт түн жарымына таянып қалған. Күткен меймандары сарсылта, тым кеш келген еді. Құлтас сәл қызыңқырап алған, Бибіге еміне әуекесі салбырайды. Кейде жонынан аңдаусызда сипап қояды. Ал оның күйеуі Талғат езу тарта, қалыптағыдай сыңай танытады. Бірақ, іші-алай түлей.

Талғат – парламентте сектор мең-

Құлтас мәйіттің маңына таянбай дереу полиция мен жедел жәрдем шақырды.

Сол күні екеуі таң атқанша көз ілмеді. Заң адамдарының сұрағына түсінік беріп, мән-жайды бастан-аяқ баяндады. Ешқандай ұрыс-жанжал, ілік-шатыс болмағандығын неше мәрте қайталады. Марқұммен бірге тұрып жатқан ашыналы жандар екенін ұққан полиция қайғылы оқиғаны отбасына өздері хабарлады. Талғаттың сүйегін соңынан аласұра іздеп жеткен бала-шағасы алып жөнелді.

Сөйтіп, Бибі бәрінен оңай құтылды. Екі-үш күн сөз соққандай сенделіп жүрді. Бірақ артынан іле-шала ілескен жақсы жаңалық, елеусіз кірбіңдерді тез ұмыттырды.

Құлтастың айтқаны рас екен, көп ұзамай алқа топтың алдында қолпаштап, министр лауазымына бекітіп,

КІТАПХАНАШЫНЫҢ КҮНӘСІ



ала дүрлікпе. Қазір жарты сағаттың айналасында жетемін.

– Жақсы, күтем... ***

Қарсы беттегі үйдің кіре берісінде шам жарқырайды. Бұл мойнын созып қарады да, дәл біреу өзін қас қақпай аңдып тұрғандай перденің қалтарысына бұғынды. Үрейден кеудесі дүк-дүк соғады. Әр-әр тұста көше шамдары нәрсіз сарғаяды. Айнала тып-тыныш, қыбыр еткен жан жоқ.

Өз үйінде сырт көзден тығылып тұрып, тағдыры бір қылбұрауға маталған ежелгі досын ойлады. Екеуі Алматыда институтты бірге бітірді. Бес жыл қатар жүргендіктен, көңілдері сондай жақын еді. Өмір ауанымен екі жаққа кеткенімен, байланыстарын үзген жоқ. Бұл күйеуге тиді. Араларында бала болмағандықтан тоғыз жылдан соң ажырасты. Бес жыл бойдақ жүрді. Заман ауанымен басын аңда да соқты, мында да соқты. Жақсы өмір іздеді, ақыры көпшіліктің ауған легімен Астанаға ат басын бұрды. Еті тірілігінің арқасында жұмысқа ілікті, ақырында жеке кәсіпорын жетекшілерінің легіне қосылды. Сонда жүріп екінші күйеуімен танысқан еді...

Ауыр күрсінді. Артынан біреу тесірейе қадала қарап тұрғандай шалт қимылдап, ту сыртына мойнын бұрды. Ешкім жоқ.

Өз үйінен өзі секемеденетінді шығарды. Әлдебір елес жүргендей... Үнемі босағаға сүйеніп, өлген күйеуінің сұлдері үн-түңсіз сілейе көз тігетіндей селк етеді.

Қорқыныш қамай түсті. Қолындағы телефонына қарады. Саматпен сөйлескелі де 20 минут өтіпті. Нөмірін терді. Төртінші дыбыстаудан кейін көтерді.

- Жолдасың ба? – Иә, жақындап қалдым... Тыныштық па? – Біреу аңдып тұрған сияқты. – Әбіржіме, далала емес, үйде отырсың ғой... қорықпа... – Жалғасың үзілді. ***

Астананың қақ ортасындағы кітапхана тікелей министрлікке бағынышты мекемелердің бірі саналады. Оған «академиялық» деген мәртебені де өкілетті орган алып берген. Сондықтан оның басшысының ауысуы жұмыс тәртібіндегі жағдай. Бірақ Бибі осы қыз-

герушісі. Мансапты азаматтың райын байқаған соң Бибі көп бұлталақтамай тиіп алған. Жігіт те әуелгіде «үй алғанша баспаналы, ақшалы келіншекпен әуей бола тұрамын» деп тұспалдаған. Қарағандыдан салт басты, сабау қамшылы қоныс аударып, еш проблемасы жоқ әйелмен бірге күн кешіп жатыр еді. Өзін-өзі алдаусыратып жүргенінде уақыт жылжып, үш жылға таяныпты.

– Маған министрлік креслоны уәде етті, – деді Құлтас шашы қобырай, аузы қисая. Қарашубар өңі ішкі құбылысын байқаптайды, тек сығыр көзі күлмің қағады. Алдындағы екеуі тілден айырыла жұтына қарайды. Олардың жүзінен «кім?» деген сауалды тап басып оқыды. – Дөкейдің өзі... – Құтты болсын! Керемет жаңалық екен. – Бибінің үні жарқын-жарқын естілді.

– Өте тамаша, жарайсың! – Талғат атып тұрып, қолын қысты.

– Мемлекеттік нақты саланы басқаруға қолым бір жетсе, саған керемет жұмыс тауып берем. – Езуі жайыла әйелге үңілді. – Ал, сен, – Талғатқа мойнын бұрды, – онсыз да жаман отырған жоқсың, министрліктегі қызмет саған олқы соғады. – Сол қолымен арқасынан қақты.

Қызара бөрткен мысық мұрын, құж бетті, қара көпей бәрін жарылқап жатыр. Оған Бибінің ақсары өңі алабұртып, жапыр түсті.

– Кез келген ақшалы жерді берші, шыр көбелек айналдырайын. – Маржандай тізілген тістерін көрсете езу тартты.

– Жаным, келші, осы батылдығың ғой... – Құлтас куртасын құшақтап, бетінен сүйді. Жаңа күшіктеген иттей таймандаған сары әбілет көзін жұмып, шалықты сәтті жан-тәнімен сезінді. Қақ орталарында ерінің отырғанына айылын жимады. Екеуі оны ерен көрмей, ашық әңгімеге көшкен.

– Шіркін, қайта жастық шағымыз оралса ғой... – Қасақана әлде өресідіктен шектен асып, шалықтай сөйледі. Мұнымен не айтқысы келгенін Талғат тап басып топшылай алмады.

Нәтінде әуезші Құлтас гитараны алып, ән салды. Ән арасында Бибі екеуінің қайта-қайта құшақтары айқаса берді. Бұдан әріге шыдамаған ері үйден шығып кетті. Өзінің қадір-қасиетін енді шын түсінгендей... Үш баласының алдындағы сатқындығы өзегін өртеді... Көкірегі қарс айырыла күрсініп, темекісін тұтатты.

Қызу әңгімелескен ежелгі достар оның жеті түннің ішінде сыртқа беттегенін қаперлеріне алмады. «Шылым шегіп жүрген шығар» дегенге сайды. Өз қызықтарымен өздері болып, шадыманның шарпуына шомған пәт-шаһарлар Талғатты, шамасы, бір сағаттан асқанда жоқтады.

– Күйеуің қайда кетті? – Құлтас үй иесін іздеді.

– Өлгіңде тысқа беттеген... Екеуі құлықсыздау орындарынан көтеріліп, балконнан тысқа алаңдай қарады. Есік алдынан, төңіректен оны байқай алмады. Қараңғылықта көзкөрініс маңның аясы тар, сосын, ұзаққырай шықты. Айнала құрылыс, біраз әуреленіп жүріп, дәл іргедегі жұмысы тоқтаған үйдің бірінші қабатында асылып тұрған жерінен тапты. Әйел шыңғырып, бетін баса қойды.

креслосына отырғызды. Араға ай салып, әлдебір коммерциялық мекемеде менеджер қызметінде жүрген әйел академиялық кітапхананың директорылығына тағайындалды. Министрліктің құзыретіне қарайтын қолтастында оншақты мекеме бар еді. Мынау – солардың бірі, бірі болғанда – негізгісі.

Сол-ақ екен таймандаған сары әйел бір күнде Астананың айтталғағы болып шыға келді. Бақ деген бас та, жас та талғамайтыны рас екен. Ар-ұждансыз ұсақ пенделерді иектеді. Бірақ олар, кездейсоқ қонған тәж дәулетті ұшқанда бірақ білді.

... Бір минут әлде екі минуттай келіншек сүлесок қалпы Саматқа қарады. Кеудесінде қайнаған қайғысын іркіуге шамасы жетпей үн-түңсіз басын ізеп, сосын солқылдап жылап жіберді.

Қорғаушы ұмтылып келіп, әйелді құшақтап, иығынан сипалады.

– Ештеңе етпейді, бәрі өткініші, әлі ұмытылады, – қоңыр үнімен баяу сөйледі, – бәрі жақсы болады. Көресің әлі – бәрі жақсы болады.

Саматтың бойында қайырымдылық мол еді, кейде оңай олжаға әуестігі де бар. Жалғызбасты келіншектің тығырыққа тірелген мына қайғысын сезінгенде, мейлінше көмектесуге бекінді.

Шамалыдан соң Бибі тұзу отырып, көз жасын сұртты.

– Бұл менің әлсіздігімді байқапты, менің тарапыман кеткен осалдық... әбден шаршадым...

– Жо-жоқ, еш оғаштығы жоқ. – Қорғаушы тігісін жатқызса сөйледі. – Мен бәрін түсінемін, соңғы аптадағы иініңе түскен ауыртыпалық, еменді де қайыстырамын...

– Иә, бұл – өте ауыр сынақ болды. – Келіншек жасына булығы миңгірледі. – Өзіңнен басқа сүйеуім жоқ, жалғыз қалдым. Айналамның бәрі – жау... Бір күнде бәрінен айырылып, тойтыып қалу – қандай қиын.

Қорғаушы тілін тістеп, басын шайқады. Әйел қайта сөзін жалғады.

– Мен сені не үшін шақырғандым білесің бе, Самат? – Сураулы кепте жігітке назарын тоқтатты. Көзі қызарған назалы кеспірі жандуниесін қозғанды. Арада үнсіздік орнады. – Міне, мынау... – Ол әлдебір бүктелген газеттің қиындысын ұсынды. – Мында Құлтастың біржола ұзаққа қамалғаны айтылған. Тым құрмаса үй қамағына ауыстырар деп күткен. Яғни, бәрі бекер. Енді маған бұрынғыдай өзімді ықпалды әйел ретінде көрсетуімнің еш реті жоқ...

– Газеттегі хабарламаның бәрі әр кезде ақиқат бола бермейді. – Қолына қағазды алған қорғаушы сенімсіз түрде компылдай сөйледі. – Бірақ сен маған барлығы жөнінде ағынан жарыла айтып берсең, жақсы болар еді деп ойлаймын. Бізге дәл қазір керегі – ақиқат. Басқа ештеңе бізді құтқара алмайды. Қорғаушының жүзіне іштей наразылық кескінен қараған келіншек әрі-сәрі толқиды.

– Сен маған иланбай отырсың ба? – қорғаушы қоңыр үнімен қайыра сабырлы қалпы тіл қатты, – сөйте тұра мені өзің шақырдың, солай емес пе? Не үшін?..

Әділбек ВИБАЙЫМҰЛЫ Оқиға ойдан құралған, ұқсастықтар болса кездесісоқтық деп санағандарыңыз жөн. (Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location (Astana, Almaty, etc.) and Name (Aisha Kurmanali, Nurbol Eldibaev, etc.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау белмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5596 дана Апталық таралым 11 192 дана Тапсырыс №117 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31